Бекітемін
«Облыстық қан
орталығы» КМК директоры
С.Амиркулова
«26» маусым 2026ж.

«Облыстық қан орталығы» КМК
2025 жылға арналған
жылдық есептемесі



МАЗМҰНЫ

1-БӨЛІМ	**КӘСІПОРЫН ТУРАЛЫ**	
1.1.	Ұйымның және көрсетілетін медициналық қызметтердің қысқаша сипаттамасы (миссиясы, көзқарасы, цифрлардағы есепті жыл)	**3-24 бет**
1.2.	Даму стратегиясы (стратегиялық мақсаттар мен міндеттер)	**24 бет**
2-БӨЛІМ	**КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ (корпоративтік басқаруы бар ұйым үшін)**	
2.1.	Корпоративтік басқару құрылымы, байқау кеңесінің / директорлар кеңесінің құрамы	**25-26 бет**
2.2.	Пациентті (донорды) қолдау және ішкі сараптама қызметінің құрамы мен қызметі	**26-27 бет**
3-БӨЛІМ	**КӘСІПОРЫННЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН БАҒАЛАУ**	
3.1.	Қызметтің негізгі көрсеткіштері (даму жоспары бойынша)	**27-29 бет**
3.2.	Негізгі медициналық-экономикалық көрсеткіштер (соңғы 3 жылдағы)	**30 бет**
4-БӨЛІМ	**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ. БЮДЖЕТТІҢ КІРІС БӨЛІГІН АРТТЫРУ МЕХАНИЗМІ**	
4.1.	Қаржылық жағдай туралы есеп (қаржы-экономикалық көрсеткіштер)	**30-31 бет**
4.2.	Пайда, залал және жиынтық кіріс туралы есеп	**31 бет**
4.3.	Капитал өзгерістері туралы есеп	**31 бет**
4.4.	Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп	**28 бет**
4.5.	Негізгі құралдарды пайдалану тиімділігін бағалау	**32 бет**
4.6.	Кіріс көлеміндегі бюджеттен тыс қаражаттар үлесін арттыру	**32-33 бет**
5-БӨЛІМ	**ПАЦИЕНТТЕР**	
5.1.	Пациенттерді тарту (бекіту)	**33 бет**
5.2.	Пациенттердің медициналық ұйым қызметтеріне қанағаттануы. Шағымдармен жұмыс.	**33 бет**
5.3.	Пациенттермен жұмыс, госпитализацияланған пациенттердің құрылымын басқару.	**33-34 бет**
5.4.	Пациенттердің қауіпсіздігі	**34 бет**
5.5.	Пациенттермен жұмыс барысында тәуекелдерді басқару	**34-36 бет**
6-БӨЛІМ	**КАДРЛАР. ПЕРСОНАЛДЫ МОТИВАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ДАМЫТУДЫҢ КЕШЕНДІ ЖҮЙЕСІ**	
6.1.	HR-менеджменттің негізгі тиімділік көрсеткіштері: негізгі мамандарды оқыту және қайта даярлау, кадрлардың тұрақсыздығы (барлық санаттар бойынша), жұмыс жағдайларына қызметкерлердің қанағаттануы	**36-42 бет**
6.2.	Еңбекке ақы төлеудің сараланған жүйесін, оның ішінде еңбекке ақы төлеудің бонустық жүйесін енгізу	**42 бет**
6.3.	Еңбекке ақы төлеудің сараланған жүйесін, оның ішінде еңбекке ақы төлеудің бонустық жүйесін енгізу	**42-43 бет**
6.4.	Персоналмен жұмыс барысында тәуекелдерді басқару	**43 бет**
7-БӨЛІМ	**ҰЙЫМ РЕСУРСТАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ**	
7.1.	Клиниканы, зертханалық қызметті, бейінді қызметтерді аккредиттеу (ұлттық және/немесе халықаралық)	**43-44 стр.**
7.2.	Пациенттер құрылымын басқару (салмақтық коэффициенттер бойынша ранжирлеу, стационарды алмастыратын технологияларды дамыту)	**44-45 стр.**
7.3.	Дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды басқару.	**45 бет**
7.4.	Жаңа технологиялар, патенттер, ғылыми және клиникалық зерттеулер.	**45 бет**
8-БӨЛІМ	**ҚОСЫМША**	**46-49 бет**

1-БӨЛІМ КӘСІПОРЫН ТУРАЛЫ

МИССИЯСЫ

«Донорлық қозғалыс, жоғары технологиялар, зияткерлік әлеует және кәсібилік арқылы адам өмірін құтқару».

КӨЗҚАРАС

Халықаралық сапа стандарттарына сай қауіпсіз қан компоненттерін шығаратын және медициналық қызмет көрсетудің жоғары деңгейімен ерекшеленетін жетекші өңірлік қан орталығы.

ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ЭТИКАЛЫҚ ҚАҒИДАТТАР

- Ұжымның кәсібилігі мен құзыреттілігі;
- Көрсетілетін медициналық қызметтердің жоғары сапасы;
- Донордың (пациенттің) ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу және жеке ақпараттың құпиялылығы құқығын сақтау;
- Динамикалы дамып келе жатқан сапа менеджменті жүйесінің тиімділігін арттыру;
- Әр түрлі деңгейдегі бизнес-серіктестермен және жеткізушілермен өзара тиімді қарым-қатынас.

«Облыстық қан орталығы» КМК:

1. **18.04.2013 жылғы № 000979 Мемлекеттік лицензияға сәйкес медициналық қызметті:**

1. ***№001 лицензияға қосымша***

- Қан мен оның компоненттерін дайындау, консервациялау, қайта өңдеу және сақтау:
  - қан мен оның компоненттерін дайындау, консервациялау, қайта өңдеу, сақтау
  - қан мен оның компоненттерін сақтау және өткізу
- Зертханалық диагностика:
  - адамның иммундық тапшылығы вирусының лабораторлық диагностикасы (АИТВ-диагностика)
  - жалпы клиникалық зерттеулер
  - серологиялық зерттеулер
  - бактериологиялық зерттеулер
  - биохимиялық зерттеулер
  - иммунологиялық зерттеулер

2. ***№005 лицензияға қосымша***

- Ересек халыққа мына мамандықтар бойынша консультациялық-диагностикалық медициналық көмек:
  - трансфузиология

3. ***№007 лицензияға қосымша***

- Балаларға мына мамандықтар бойынша амбулаториялық- емханалық көмек:
  - консультациялық-диагностикалық көмек
  - трансфузиология
- Ересектерге және (немесе) балаларға мына мамандықтар бойынша амбулаториялық- емханалық көмек:
  - консультациялық-диагностикалық көмек
  - терапия
  - бастапқы медициналық-санитариялық көмек
  - дәрігерге дейінгі көмек

4. ***№008 лицензияға қосымша***

- Ересектерге мына мамандықтар бойынша амбулаториялық-емханалық көмек:
  - консультациялық-диагностикалық көмек
  - функционалдық диагностика

5. ***№009 лицензияға қосымша***

- Ересектерге және (немесе) балаларға мына мамандықтар бойынша амбулаториялық- емханалық көмек:
  - консультациялық-диагностикалық көмек
  - жалпы дәрігерлік практика

6. ***№010 лицензияға қосымша***

- Ересектерге мына мамандықтар бойынша амбулаториялық- емханалық көмек:
  - консультациялық-диагностикалық көмек
  - медициналық реабилитология, қалпына келтіру емдеу
  - емдеу дене шынықтыруы
  - массаж

7. ***№11 лицензияға қосымша***

- Ересектерге мына мамандықтар бойынша стационарды алмастыратын көмек:
  - терапия
  - диагностика
  - функционалдық диагностика
  - медициналық реабилитология, қалпына келтіру емдеу
  - емдеу дене шынықтыруы
  - массаж
  - физиотерапия

8. ***№32 лицензияға қосымша***

- Ересектерге және (немесе) балаларға мына мамандықтар бойынша амбулаториялық-емханалық көмек:
  - консультациялық-диагностикалық көмек
  - медициналық реабилитология, қалпына келтіру емдеу
  - физиотерапия

2. **15.03.2017 жылғы № 17004582 Мемлекеттік лицензияға сәйкес фармацевтикалық қызметті:**

1. ***№001 лицензияға қосымша***

- Дәрілік заттарды бөлшек саудада өткізу қызмет түрлерін жүзеге асырады.

«Облыстық қан орталығы» КМК құрамында 9 құрылымдық бөлімше жұмыс істейді:

- донорларды жинақтау бөлімшесі
- қан және оның компоненттерін дайындау бөлімшесі
- қан компоненттерін іріктеу, карантиндеу және уақытша сақтау блогы бар өнім беру бөлімшесі (экспедиция)
- сапаны бақылау бөлімі
- ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс бөлімі
- медициналық зертхана
- шаруашылық бөлімі
- персоналды басқару қызметі
- қаржы-экономикалық бөлім

Кадр ресурстарының жасақталуы және біліктілік сипаттамасы

Медициналық және әкімшілік-басқару персоналының кадрлық әлеуетін арттыру – бәсекеге қабілеттілік пен тұрақты экономикалық дамудың негізгі элементтерінің бірі болып табылады. 2025 жылы қызметкерлердің саны 138 адамды құрады, оның ішінде:

- дәрігерлер – 24 (2023 жыл – 26, 2024 жыл – 25);
- орта медицина қызметкерлері – 43 (2023 жыл – 38, 2024 жыл – 37);
- кіші медицина персоналы – 20 (2023 жыл – 19, 2024 жыл – 19);
- өзге де медициналық емес персонал – 51 (2023 жыл – 55, 2024 жыл – 51).

2025 жылы жоғары медициналық білімі бар 5 маман жұмысқа қабылданды, 5 дәрігер жұмыстан босатылды (оның ішінде 1 – ТТЖ, 3 – резидентураға түсуіне байланысты). Орта медицина персоналынан қабылданғаны – 8, жұмыстан босатылғаны – 3 (оның ішінде 1 – ЖОО-ға түсуі, 2 – өз еркімен). Зейнеткерлік жасқа жеткен қызметкерлер – 2 (оның ішінде орта медицина персоналы – 1, өзге персонал – 1).

Атауы	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл
Дәрігерлер, барлығы	26	25	24
оның ішінде 2-санатты	1	0	1
оның ішінде 1-санатты	3	2	3
оның ішінде жоғары санатты	4	1	2
оның ішінде санатсыз	18	22	18
Дәрігерлердің санаттылық көрсеткіші (%)	31	12	25
Дәрігерлер штаттарының жасақталуы (%)	95	95	96
Орта медицина персоналы, барлығы	38	37	43
оның ішінде 2-санатты	4	3	2
оның ішінде 2-санатты	4	1	5
оның ішінде жоғары санатты	12	3	13
оның ішінде санатсыз	18	30	23
ОМП санаттылық көрсеткіші (%)	53	19	47
ОМП штаттарының жасақталуы (%)	100	100	100

Кадр құрамын нығайту және оқыту бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізілуде.

Оқытуды және аттестациядан өткізуді қаржыландыру **(мың. теңге)**

Атауы	2023 жыл		2024 жыл		2025 жыл	
	Қызметкерлер саны	Сомасы	Қызметкерлер саны	Сомасы	Қызметкерлер саны	Сомасы
Дәрігерлердің біліктілігін арттырудан, қайта даярлаудан жыл сайын өтуі	16	1 185 180	8	567 450	8	736 980
Орта медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттырудан жыл сайын өтуі	14	299 660	6	108 000	16	389 000
Дәрігерлердің аттестациядан өтуі	-		-	-	-	-
Орта медицина қызметкерлерінің аттестациядан өтуі	-		-	-	-	-
Барлығы:	**30**	**1 484 840**	**14**	**675 450**	**24**	**1 125 980**

Біліктілікті арттыру жоспарға сәйкес қажеттіліктің 100% көлемінде жүргізіледі. 2025 жылы 8 дәрігер және 16 орта медицина қызметкері біліктілікті арттыру курстарынан өтті. 2025 жылы оқытуға және аттестациядан өткізуге жұмсалған шығындар 1 333,28 мың теңгені құрады, оның ішінде негізгі персоналға – 1 125,98 мың теңге, өзге персоналға – 207,3 мың теңге, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 297,83 мың теңгеге аз.

«Облыстық қан орталығы» КМК ғимараты «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасын іске асыру аясында салынған, аумағы 1,9 га, әкімшілік ғимарат пен қосалқы үй-жайлардың жалпы алаңы – 13 272 ш.м.

«Облыстық қан орталығы» КМК ғимараты келесі құрылымнан тұрады:

1. Бас корпус мыналардан тұрады:
- А блогы – техникалық қабаты бар, әкімшілік-қызметтік және қосалқы қызметтер орналасқан 2 қабатты ғимарат.
- Б блогы – техникалық қабаты және жер төлемі бар, донорлармен және донор қанымен жұмыс істеуге арналған 4 қабатты ғимарат.
2. Қосалқы құрылыстар блогы:
- Бір қабатты ғимарат – донорлардан қан алу немесе қанды тұтынушыға жеткізу үшін экспедицияға шығар алдында арнайы автокөлікті сақтауға, жинақтауға, жабдықтауға және техникалық байқаудан өткізуге арналған.

МТЕЖ деректері бойынша **материалдық-техникалық жарақтандырудың** жалпы бастапқы құны 2 743 580,83 мың теңгені құрай отырып, 100%-ды құрайды және мыналардан тұрады:
- жалпы бастапқы құны 1 150 858,11 мың теңге болатын 583 бірлік медициналық жабдық;
- жалпы бастапқы құны 1 592 722,72 мың теңге болатын ғимараттар, құрылыстар және өзге де негізгі құралдар.

2023–2025 жылдар кезеңінде жабдықтар сатып алынды (теңге)

№	Атауы	2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.
	Барлығы, оның ішінде	**16 727 427,65**	**15 949 475,81**	**76 286 864,00**
1	Серверлік жабдық			
2	МФУ және принтерлер	**2 507 791,17**		
3	Мониторлар	**2 036 160,0**	**2 879 760,00**	
4	Жүйелік блоктар	**4 078 596,48**	**6 719 975,81**	
5	Ноутбуктер			
6	Телефония			

7	Термотрансферлік принтер	500 000,00		
8	Helena C-2 екі арналы коагулометрі	1 361 000,00		
9	УСЦ-01 центрифуга стақандарын теңестіргіш	1 836 800,00		
10	«Дезар-Кронт» ауаны рециркулятор-сәулелендіргіші	318 080,00		
11	Стерилизатор	4 089 000,00		
12	XP-300 автоматты гематологиялық анализаторы		3 359 000,00	
13	BioRS-24 ротаторы (-20 +60)		260 740,00	
14	«Т-Солдер - 03» полимерлік магистральдарды электрмен дәнекерлегіш		2 730 000,00	
15	Қан салатын пластикалық контейнерлердің түтіктерді стерильді дәнекерлеуге арналған TSCD II құрылғысы			8 506 400,00
16	Едендік төмен жылдамдықты центрифуга			19 900 000,00
17	«Haier Biomedical Deep Freezer 92262 series» вакциналарды сақтауға арналған мұздатқыш (-10-дан -40-қа дейін)			3 700 000,00
18	Аса төмен температуралы Deep Vaccine Freezer DW-HL 528-S мұздатқыш камерасы (-40-тан -86-ға дейін)			13 409 144,00
19	СМ-12 роторы бар Таглер үстел үстіндегі зертханалық медициналық центрифугасы			2 633 000,00
20	ШС-80-01 СПУ +200 кептіру шкафы			308 240,00
21	Тиісті жабдықтары бар T-RAC II донорлық қанын араластырғыш (миксер)			10 351 800,00
22	Terumo T-SEAL III түтіктерді дәнекерлеуге арналған құрылғы			3 400 000,00
23	Аккумуляторлық батареясы бар T-SEAL Mobile электр дәнекерлегіші			10 200 000,00
24	IN55 инкубаторы			2 078 280,00
25	TDL5M медицина өнеркәсібіне арналған центрифуга			1 800 000,00

Техникалық және сервистік қызмет көрсету

Медициналық жабдықтарға **техникалық және сервистік қызмет көрсету** жабдыққа қойылатын техникалық талаптарға сәйкес жүргізіледі. Медициналық және технологиялық жабдықтарға техникалық және сервистік қызмет көрсетуге жұмсалған шығындар сомасы:

2025 жылы техникалық ерекшелікте көрсетілген мерзімділікпен 19 бірлік медициналық және технологиялық жабдыққа 31 286,8 мың теңге сомасына техникалық және сервистік қызмет көрсетілді, 272 аспап 489,44 мың теңге сомасына тексеруден өткізілді.

2024 жылы техникалық ерекшелікте көрсетілген мерзімділікпен 36 бірлік медициналық және технологиялық жабдыққа 36 364,3 мың теңге сомасына техникалық және сервистік қызмет көрсетілді, 272 аспап 436,80 мың теңге сомасына тексеруден өткізілді.

2023 жылы 22 бірлік медициналық және технологиялық жабдыққа 43 192,6 мың теңге сомасына техникалық және сервистік қызмет көрсетілді, 318 аспап 611,0 мың теңге сомасына тексеруден өткізілді.

2023–2025 жылдардағы қаржы-шаруашылық қызметіне талдау

Кәсіпорын 2025 жылы ТМККК аясында медициналық ұйымдарды қан компоненттері мен препараттарымен өндіру және қамтамасыз ету үшін 1 996 224,00 мың теңге мөлшерінде қаржыландыру алды, ТМККК аясында қан компоненттеріне деген қажеттілік 36 757 қызметті құрады.

2025 жылы ақылы қызметтерден түскен табыс 42 496,56 мың теңгені құрады. Табыс 50 487,34 мың теңгені құраған 2024 жылмен салыстырғанда, ақылы қызметтерден түсетін табыстың төмендеуі 15,8%-ды құрады.


Қаржыландыру түрлері	**2023 жыл**	**2024 жыл**	**2025 жыл**	**2024 жылдан бастап ауытқулар (-, +)**
Барлығы, оның ішінде:	1 980 494,94	1 984 049,75	2 038 720,56	+2,8
мемлекеттік тапсырыс	1 933 019,0	1 933 562,41	1 996 224,00	+ 3,24
ақылы қызметтер	47 475,94	50 487,34	42 496,56	-15,8

2023–2025 жылдардағы ТМККК шеңберіндегі қаржыландыруға талдау

ТМККК бағдарламалары	**2023 жыл**	**2024 жыл**	**2025 жыл**	**2024 жылдан бастап ауытқулар (-, +)**
Барлығы, оның ішінде:	1 933 019,0	1 933 562,41	1 996 224,00	+ 62 661,59
- қан, оның компоненттері мен препараттарын өндіру	1 933 019,0	1 933 562,41	1 996 224,00	+ 62 661,59

«Жергілікті денсаулық сақтау ұйымдары үшін қан, оның компоненттері мен препараттарын өндіру» бағдарламасы бойынша ТМККК қаржыландыруы 2024 жылмен салыстырғанда 3,24%-ға ұлғайды.

2023–2025 жылдардағы ТМККК қаржыландыру динамикасы (мың теңге)



2025 жылы жалақы қоры 571 099,00 мың теңгені құрады, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 29 268,48 мың теңгеге артық. Оның ішінде сыйақы ретінде 29 604,95 мың теңге есептелді, ақылы қызметтер көрсетуден түскен табыстар есебінен 19 188,46 мың теңге төлемдер есептелді.

Облыстың қан қызметінің 2023–2025 жылдардағы жұмысына талдау:

«Облыстық қан орталығы» КМК Қарағанды облысында қан компоненттерін өндіретін жалғыз ұйым болып табылады. Қарағанды облысының 30 медициналық ұйымын және Ұлытау облысының 6 медициналық ұйымын қан компоненттерімен қамтамасыз етеді.

ҚОДСБ 28.02.2025 жылғы №119-ө бұйрығына сәйкес стационарлық көмек көрсететін 30 медициналық ұйымда (2022ж. – 38, 2023ж. – 31, 2024ж. – 28) және 41 амбулаториялық-емханалық ұйымда (2022ж. – 51, 2023ж. – 37, 2024ж. – 37) облыс халқына трансфузиялық көмек көрсету талаптарының сақталуына, сондай-ақ трансфузиология мәселелері және В және С гепатитіне оң нәтиже анықталған қан компоненттерінің реципиенттері мен донорларын тексеру бойынша мониторинг жүргізілді.

Медициналық ұйымдарға жұмыс тобының шығулары ұйымдастырылды, трансфузиологиялық көмекті ұйымдастыру мәселесі және ҚР ДСМ бекіткен қолданыстағы нормативтерге қызметтің сәйкестігі зерделенді (лицензияның, тиісті кадрлардың болуы, мамандарды сертификаттау, медициналық жабдықтармен жарақтандыру, зертханалық зерттеулер жүргізу тәртібі, медициналық құжаттаманы жүргізу, реципиенттерді, донорларды амбулаториялық-емханалық деңгейде трансфузиялық инфекцияларға тексеру). Мониторинг барысында ҚОДСБ-ге 3 тоқсан сайынғы ақпарат ұсынылды. Нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес келмейтін тұстар бойынша медициналық ұйымдар бөлінісіндегі қорытынды ақпарат ҚОДСБ-ге 21.11.2025 жылғы №7-4-681 хатымен ұсынылды.

Облыстың медициналық ұйымдарында трансфузиялық көмекті ұйымдастыру мәселесі ҚОДСБ-да 2025 жылғы 16.07., және 31.10. күндері өткізілген 2 жұмыс кеңесінде қаралды. Жұмыс кеңестері барысында берілген тапсырмаларға сәйкес Денсаулық сақтау басқармасы «Облыстық қан орталығы» КМК базасында медициналық ұйымдар басшыларының есептерін тыңдады: 14.08.2025ж., 29.08.2025ж., 11.09.2025ж., 25.09.2025ж., 09.10.2025ж., 23.10.2025ж.

«Облыстық қан орталығы» КМК-да облыстың медициналық ұйымдарының қан және оның компоненттерін құюмен айналысатын дәрігерлері үшін «Медициналық ұйымдарда трансфузиялық көмек көрсету тәртібі» тақырыбында қанның тобы мен резус тиесілігін анықтау әдістемесін меңгере отырып, бір күндік тағылымдама циклі ұйымдастырылды, 2025 жылы 70 дәрігер оқытылды (2023ж. – 158, 2024ж. – 123).

ZOOM конференция форматында 28.02.2025ж., 25.04.2025ж., 10.11.2025ж. трансфузиологиялық көмекті ұйымдастыру мәселелері бойынша 31 медициналық ұйымнан 226 дәрігерге оқыту жүргізілді.

Республикалық деңгейдегі конференциялар мен семинарларға 5 қызметкер қатысты.

Қан және оның компоненттерін донациялауға 21 462 өтініш тіркелді (2024ж. – 20 899, 2023ж. – 19 555), бұл 2024 жылмен салыстырғанда 563-ке (2,7%) артық, мұның себебі медициналық ұйымдардың эритроцит ұстайтын компоненттер мен аферездік тромбоциттерге қажеттілігінің артуына байланысты. Әлеуетті донорлардың өтініш білдіргендерінің 75,8%-ы қан және оның компоненттерін донациялауға жіберілді. Тіркелген донорлар саны – 16 272 (2024 жыл – 16 256, 2023ж. – 14 665), бұл 2024 жылға қарағанда 16 (0,1%) донорға артық. Қан және оның компоненттерінің донациялары жүргізілді – 16 310 (2024ж. – 16 305, 2023ж. – 15 060), бұл 2024 жылмен салыстырғанда 5 (0,03%) донацияға артық.

Қан компоненттерімен уақтылы қамтамасыз ету мүмкіндігі үшін 2025 жылы медициналық ұйымдарға, оқу орындарына, әскери бөлімдерге, ірі өнеркәсіп орындарына, облыстың сауда-ойын-сауық орталықтарына 48 көшпелі донорлық сессия ұйымдастырылды. Көшпелі донорлық сессиялар кезінде қан донациясын жүзеге асырған донорлардың жалпы саны – 1 877 донор, бұл донорлардың жалпы санының (16 272 донор) 11,5%-ын құрайды.

Қарағанды облысында қан донорлығы мен гемопоэздік дің жасушаларын дамыту жөніндегі 2025–2026 жылдарға арналған ведомствоаралық өзара іс-қимыл бағдарламасы әзірленіп, бекітілді, ол Қарағанды облысы халқының хабардарлығын арттыруға, қан донорлығына және гемопоэздік дің жасушаларын донорлыққа қатысуды насихаттауға, сондай-ақ донорларды сауықтыруға және емделуге мұқтаж пациенттердің өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған.

Көрсетілген Бағдарламаны іске асыру шеңберінде жоғары және орта арнаулы оқу орындарында дәрістер, сондай-ақ сауда-ойын-сауық орталықтарында қан тобын анықтай отырып, ақпараттық акциялар өткізілді. «Қарағанды қаласы әкімдігінің Мәдениет және демалыс саябақтары басқармасы» КМҚК-мен бірлесіп 14.06.2025 жылы Қарағанды қаласының Орталық саябағында Бүкіләлемдік донор күніне арналған мерекелік іс-шара өткізіліп, тұрақты донорлар мен донор күндерін ұйымдастыруға қатысатын тұлғалар медальдармен, грамоталармен, алғыс хаттармен, сыйлықтармен марапатталды. Тегін донорлықты дамытуға қатысатын 70 донор және ұйымдардың 7 өкілі марапатталды.

ҚОДСБ «Облыстық қан орталығы» КМК-да 15.10.2025 жылы ГДЖ доноры күні өткізілді. Іс-шара барысында донорлардың хабардарлығын арттыруға және ГДЖ донорларының регистріне жаңа қатысушыларды тартуға бағытталған түсіндіру және үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді. 12 адам қан үлгілерін тапсырып, ГДЖ донорларының регистріне кіру үшін өтініш толтырды. 2025 жылы барлығы 75 адам ГДЖ донорларының регистріне кірді.

2025 жылы 11 555,907 литр консервіленген қан (16 282 доза) дайындалды (2022 жыл – 15 536 доза және 11 240,9 литр консервіленген қан, 2023 жыл – 15 037 доза және 10 834,2 л консервіленген қан, 2024 жыл – 16 274 доза және 11 462,7 л консервіленген қан). Қан дайындау көлемі ТМККК шеңберінде 100%-ға орындалды. Қан дайындау 100% тегін донорлық есесінен қамтамасыз етілді, қан және оның компоненттерін ақылы донациялау үлесі 0%-ды құрады.

2025 жылы Қарағанды облысы мен Ұлытау облысының медициналық ұйымдарына 28 386 қан компоненті берілді (2022ж. – 28 806 доза қан препараттары, 2023 жыл – 28 232 доза қан препараттары, 2024ж. – 28 222 доза қан компоненттері). Гемоөнімдерді беру медициналық ұйымдардың ТМККК шеңберіндегі өтінімдерін ескере отырып және бөлінген қаржыландыру көлеміне сәйкес уақтылы жүзеге асырылды. 2025 жылы медициналық ұйымдардың қажеттілігінің артуына байланысты 164 қан компоненті артық берілді. Медициналық ұйымдардың өтінімдерін орындау және шығарылатын қан компоненттерінің сапасына қанағаттану деңгейі 100%-ды құрайды.

Медициналық қызметтердің сапасын арттыру

Медициналық қызметтердің сапасын арттыру мақсатында және «Аккредиттеу және аккредиттеу аттестаттарын қайта рәсімдеу туралы» 2025 жылғы 11 желтоқсандағы № 1683-ОД Бұйрығына сәйкес ҚР СТ ISO 15189 – 2023 стандартына өту жүзеге асырылды. 2024 жылғы 21 қазандағы № KZ.M.10.2227 аккредиттеу аттестаты 2029 жылғы 21 қазанға дейін жарамды.

«Облыстық қан орталығы» КМК 2023 жылғы 20 желтоқсанда қан қызметі саласында қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарына арналған аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін растап, жоғары санат иеленді (2023 жылғы 20 желтоқсандағы №201 бұйрық, 2023 жылғы 20 желтоқсандағы № KZ85VEG00013979 куәлігі, 2026 жылғы 20 желтоқсанға дейін жарамды).

Донорлар мен донациялар

(мың теңге)

Атауы	2022 жыл		2023 жыл		2024 жыл		2025 жыл	
	Абс.	Сомасы	Абс.	Сомасы	Абс.	Сомасы	Абс.	Сомасы
Консервіленген қан дайындалды (л)	11 240,9		10 834,2		11 462,7		11 555,907	
Консервіленген қан дайындалды (д)	15 536		15 037		16 274		16 282	
Барлық донорлар саны	14 281		14 665		16 256		16 272	
Барлық донациялар саны, оның ішінде:	15 582		15 060		16 305		16 310	
• қан донациялары	14 924	11 132,6	14 460	12 479,0	15 689	14 480,9	15 702	14 979,9
• жасушалар донациялары	658	504,0	600	517,8	616	568,6	608	580,0
• плазма донациялары	0	0	0	0	0	0	0	0
Тегін донациялар	15 582	11 636,6	15 060	12 996,8	16 305	14 739,5		15 559,91
Акылы донациялар	0	0	0	0	0	0	0	0
1000 халыққа шаққандағы донациялар көрсеткіші	11,5		11,1		12,0		12,1	
ҚР бойынша 1000 халыққа шаққандағы донациялар көрсеткіші	12,0		12,5		12,4		12,5	

Облыстың МҰ-ын қан компоненттерімен қамтамасыз ету үшін 2023–2025 жылдар кезеңінде ТМККК аясында жалпы сомасы 1 996 224,00 мың теңге қаржы бөлінді.

Атауы	2023 жыл	Өсу %	2024 жыл	Өсу %	2025 жыл	Өсу %
Жергілікті ұйымдар үшін қанды, оның компоненттері мен препараттарын өндіру (мың теңге)	1 933 019,0	4,2	1 933 562,41	0,03	1 996 224.00	3,24

2023–2025 жылдар кезеңінде медициналық ұйымдарға босатылған қан компоненттері:



2023–2025 жылдары медициналық ұйымдарға босатылған қан компоненттері, оның ішінде:

р/н №	Атауы	Өлшем бірлігі	2023 жыл	%	2024 жыл	%	2025 жыл	%
1	Эритроциттер	доза	13 629	48,2	14 386	51,0	14 329	50,5
2	ЖТП	доза	11 435	40,5	10 588	37,5	10 140	35,7
3	Тромбоциттер	доза	2 529	9,0	2 671	9,5	3 207	11,3
4	Криопреципитат	доза	639	2,3	577	2,0	710	2,5
	БАРЛЫҒЫ	доза	**28 232**		**28 222**		**28 386**	
5	Альбумин 10%	литр	2,1		1,7		0,2	

2025 жылы босатылды:

- Эритроциттер 2024 жылмен салыстырғанда 57 дозаға (-0,4%) аз;
- ЖТП (жаңа тоңдазытылған плазма) 2024 жылмен салыстырғанда 448 дозаға (-4,2%) аз;
- Тромбоциттер 2024 жылмен салыстырғанда 536 дозаға (20,0%) көп;
- Криопреципитат 2024 жылмен салыстырғанда 133 дозаға (23,0%) көп;
- Альбумин 10% 2024 жылмен салыстырғанда 1,5 литрге (-88,2%) аз.

Қан компоненттерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Трансфузиялық терапияның иммунологиялық және инфекциялық қауіпсіздігін арттыру үшін жаңа технологиялар мен заманауи жабдықтар қолданылады, соның ішінде:

1. «InfoDONOR» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі жұмыс істейді, бұл: донорлыққа абсолютті қарсы көрсетілімдері бар тұлғаларды шеттетуді, донорларды визуалды сәйкестендіруді, жеке куәлік деректерін автоматты түрде оқуды, кабинеттерге визуалды шақыруды, зертханалық зерттеулердің нәтижелерін ескере отырып автоматты жарамсыздыққа шығаруды және таңбалауды, дайындалған қан компоненттерін бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

2. 2016 жылдан бастап трансмиссивті инфекцияларға донорлық қан үлгілерін ИХЛА және ПТР әдісімен жабық үлгідегі автоматты анализаторларда 2 кезеңді скринингтеу жүргізіледі, донорлық қан үлгілерін скринингпен қамту үлесі 100%-ды құрайды.

Трансмиссивті инфекцияларға жүргізілетін зерттеулер

(мың теңге)

Атауы	2023 жыл		2024 жыл		2025 жыл	
	(%)	Сомасы	(%)	Сомасы	(%)	Сомасы
Донорлық қан үлгілерін ИФА (ИХЛА) әдісімен скринингтеу үлесі: • жабық үлгідегі автоматтандырылған жүйелерде • ашық үлгідегі автоматтандырылған жүйелерде	100	157 343,5	100	151 590,2	100	157 374,66
Донорлық қан үлгілерін жабық үлгідегі автоматтандырылған жүйелерде ПТР әдісімен скринингтеу үлесі	100	125 162,7	100	109 863,2	100	137 847,65

1. Қан үлгілерін иммуногематологиялық зерттеу 100% автоматты анализаторларда жүргізіледі.
2. Қан компоненттерінің қауіпсіздігі келесі әдістерді қолдану арқылы қамтамасыз етіледі:

- қан компоненттерін лейкофильтрациялау;
- жаңа тоңдазытылған плазманы карантиндеу;
- плазма мен тромбоциттерді вирусинактивациялау.

Қан мен оның компоненттерінің қауіпсіздігін қаржылай қамтамасыз ету көрсеткіштері

(мың теңге)

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдісі	Қан компоненттері	2023 жыл		2024 жыл		2025 жыл	
		%	Сомасы	%	Сомасы	%	Сомасы
Лейкофильтрациялау	Тромбоциттер	100	190 260,0	100	138 088,0	100	228 514,00
	Эритроциттер	100		100		100	
	Плазма	45,8		100		100	
Карантиндеу	Жаңа тоңдазытылған плазма	0	0	0	0	0	0
Вирусинактивациялау	Плазма	54,2	322 559,9	54,2	422 527,4	63,0	382 677,2
	Тромбоциттер	100		100		100	
Барлығы			**512 819,9**		**560,615**		**611 191,20**

2023–2025 жылдары облыстың медициналық ұйымдарын қан компоненттерімен қамтамасыз ету

(мың теңге)

р/н №	Қан компоненттерінің атауы	2023 жыл		2024 жыл		2025 жыл	
		Доза	Сомасы	Доза	Сомасы	Доза	Сомасы
1.	Эритроцит құрамды компоненттер, оның ішінде:	**13 629**	**609 341**	**14 164**	**652 784**	**14 329**	**670 641**
	- лейкофильтрленген	13 629	609 341	14 164	652 784	14 329	670 641
2.	Барлық түрдегі жаңа тоңзытылған плазма, оның ішінде:	**11 435**	**922 748**	**10 451**	**829 775**	**10 140**	**807 389**
	- карантинделген	154	8 698,0	-	-	-	-
	- лейкофильтрленген, карантинделген	1 982	129 396	3 123	209 780	3 758	254 106
	- лейкофильтрленген, вирусинактивацияланған	9 170	774 823	7 155	606 674	113	546 310
	- вирусинактивацияланған	129	9 830	173	13 321	90	6 972
3.	Вирусинактивацияланған лейкофильтрленген тромбоциттер	**2 529**	**382 437**	**2670**	**407 557**	**3 207**	**483 444**
4.	Карантинделген криопреципитат	**639**	**42 298**	**587**	**39 714**	**710**	**48 598**
	Барлығы	**28 232**	**1 956 824,0**	**27 872**	**1 929 830**	**28 386**	**2 010 072**
5.	Альбумин 10% (л)	2,1	220	1,7	177,89	**0,2**	20,99

2023–2025 жылдар кезеңінде жалпы сомасы 5 952 830,00 мың теңгенің өнімі босатылды.

Сапаны бақылау

Сапаны бақылаудың негізгі міндеті – нормативтік құжаттама талаптарына сәйкес сапалы гемоөнімдер шығару мақсатында дайындау, өңдеу және сақтау кезеңдерінде қан өнімдері мен оның компоненттерінің сапасын бақылауды қамтамасыз ету.

Сапаны бақылауды жүргізуге жұмсалатын шығындар

(мың теңге)

р/н №	Атауы	2023 жыл		2024 жыл		2025 жыл	
		%	Сомасы	%	Сомасы	%	Сомасы
1	Зертханалық сапаны бақылау	100	20 429,0	100	17 682,49	100	17 405,74
2	Бактериологиялық бақылау	100	89,41	100	253,91	100	934,96
	Барлығы		**20 518, 41**		**18 116,4**		**18 340,70**

Есептік кезеңде қан өнімдерінің сапасын зертханалық зерттеу деңгейі 100%-ды құрайды. Сапаны бактериологиялық бақылау деңгейі 100%-ды құрайды.

Қосымша кәсіпорын тарапынан зертханалық талдаулар және емдеу рәсімдерін (плазмаферез, ВЛОК, аутогемотерапия және т.б.) жүргізу жөнінде қызметтер көрсетіледі:

Атауы	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл
Медициналық ұйымдар (саны)	53	46	50
Жеке тұлғалар (саны)	699	774	959

2023–2025 жылдар кезеңінде көрсетілген қызметтердің бұл түрлері 50 медициналық ұйымға және 2 432 жеке тұлғаға көрсетілді.

Ұсынылған деректерден заңды тұлғалар санының 8,7%-ға, жеке тұлғалар санының 23,9%-ға өскені байқалады.

Кәсіпорын қан компоненттерін жүзеге асырады және бәсекелестік негізінде келесі қызмет түрлерін көрсетеді: зертханалық зерттеулер – иммуногематологиялық, серологиялық, биохимиялық, иммунохемилюминесценттік (жабық үлгідегі аппараттарда), иммуноферменттік талдаулар және басқа да қызмет түрлері мынадай шарттарда:

- мамандардың жолдауы бойынша халықтың әлеуметтік осал санаттары үшін қымбат тұратын диагностикалық зерттеу түрлері бойынша қызмет көрсетуші (жеткізуші): полимеразды тізбекті реакция;
- ТМККК және (немесе) МӘМС жүйесі шеңберінде қызметтер көрсету бойынша қосалқы орындаушы;
- медициналық ұйымдарға көрсетілетін ақылы қызметтер;
- жеке тұлғаларға көрсетілетін ақылы қызметтер.

SWOT – талдау

	Артықшылығы:	Кемшілігі:
Клиенттер	• Медициналық ұйымдар үшін қан компоненттерін өндіру саласындағы монополист болып табылады • Жоғары білікті мамандардың болуы • Жоғары технологиялық жабдықтардың болуы • Донорлар үшін жайлы жағдайлары бар қан орталығының дамыған инфрақұрылымы • Көрсетілетін медициналық қызметтердің кең спектрі	• Медициналық ұйымдардың қан компоненттеріне деген қажеттіліктерді қате жоспарлауы • Медициналық ұйымдарда қан компоненттерінің пайдаланылуы мен қорын мониторингтеуге арналған ААЖ (бағдарламаның) болмауы • Қан донорлары үшін ынталандырушы преференциялардың болмауы • Тегін қан донорлығы мәселелері бойынша халықтың азаматтық ұстанымының төмендігі
Персоналды оқыту және дамыту	• Білікті кадрлардың болуы • Астана қ. ТҒӨО және ҚР басқа да қан орталықтарының мамандарымен тәжірибе алмасу	• Кадрлардың тұрақтамауы (кадрлар айналымы) – 10%.
Процестер	• Облыстың медициналық ұйымдарын қан компоненттерімен уақтылы және толық көлемде қамтамасыз ету • Донорлық қанды зерттеу, қан мен оның компоненттерін дайындау және өңдеу процестері үшін заманауи медициналық жабдықтармен жарақтандыру • Донорлық қан үлгілерін толық көлемде зерттеу (иммуногематологиялық және трансфузиялық инфекцияларға)	• «InfoDONOR» ААЖ ақпараттық бағдарламасы мен кешенді медициналық ақпараттық жүйенің (КМАЖ) жетілдірілмегендігі • Қолданыстағы медициналық-технологиялық жабдықтардың тозу деңгейінің жоғары болуы (90,69%)

	• Қан мен оның компоненттерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қосымша әдістерін пайдалану: лейкофильтрациялау, вирусинактивациялау, карантиндеу • Медициналық ұйымдарды қауіпсіздіктің қосымша әдістерінен өткен қан компоненттерімен қамтамасыз ету: • лейкофильтрленген эритроциттермен және плазмамен — 100%; • вирусинактивацияланған тромбоциттермен — 100%; • карантинделген ЖТП (СЗП) — 37%; • вирусинактивацияланған ЖТП (СЗП) — 63%; • Донациялар жарамсыздығы (жарамсыз деп табу) 8,7%-ды құрады • Жарамдылық мерзімі өтуіне байланысты өнімдерді есептен шығару — 0% • Гематология, биохимия, иммуногематология, инфекциялар диагностикасы бойынша сыртқы сапаны бағалауға қатысу, архивтік үлгілерді зерттеу • Сапа менеджменті жүйесінің болуы • Қан компоненттеріне зертханалық және бактериологиялық сапаны бақылауды, санитариялық-бактериологиялық және өндірістік бақылауды жүргізу — 100% • Қан қызметі саласында қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары үшін аккредиттеу стандарттарына сәйкестікті жоғары санат бере отырып растау (2023–2026 жж.) • ҚР ST ISO 15189-2015 талаптарына сәйкестікке медициналық зертхана аккредиттеуінің болуы (2024 ж.) • Жана ҚР ST ISO 15189-2023 стандартына өту (2025 ж.) • «InfoDONOR» ААЖ ақпараттық бағдарламасын пайдалану	

Қаржы	• Мемлекеттік бюджеттен тұрақты әрі уақтылы қаржыландыру, көрсетілген қызметтер үшін сатып алушылардың орындалған жұмыстарға уақтылы төлем жасауы • Еңбекке ақы төлеудің тарифтік жүйесі • ТМККК қосалқы орындау шарты бойынша түсетін табыс • Ақылы қызметтерден түсетін табыс	• ТМККК қосалқы орындаушысы ретінде орындалатын зертханалық зерттеулерге ҚР ДСМ бекіткен тарифтік құнның төмендігі • Халықтың қымбат тұратын қызметтерді төлеу қабілетінің төмендігі

2-кесте — Мүмкіндіктер матрицасы

Мүмкіндіктерді пайдалану ықтималдығы	**Мүмкіндіктердің әсері**		
	Күшті (К)	**Орташа (О)**	**Шамалы (Ш)**
Жоғары (Ж)	• Жас мамандарға көтермеақы төлемдерін ұйымдастыру. • Жас мамандарға НҚА-да белгіленгеннен жоғары төлем жүргізу.		• ТМККК шеңберінде қосалқы орындаушы ретінде және ақылы қызметтер бойынша медициналық қызметтердің санын мен түрлерін көбейту.
Орташа (О)		• Тұтас қанды автоматтандырылған қайта өңдеу бойынша жаңа технологияларды енгізу және жұмыс процесін оңтайландыру	• Қан компоненттерін өндіру көлемін арттыру
Төмен (Т)		• Донорларды қаржылай ынталандыру	

2-кесте — Қауіптер матрицасы

Қауіптердің жүзеге асу ықтималдығы	**Қауіптердің әсері**		
	Қатерлі (Қ)	**Ауыр (Т)**	**Жеңіл (Л)**
Жоғары (Ж)	• Халықтың донорлыққа деген әлеуметтік уәждемесінің төмендеуі.. • Халықтың тегін қан донорлығы мәселелері бойынша азаматтық ұстанымының төмендігі.	• Өндірістік жабдықтың жұмысындағы іркіліс	
Орташа (О)		• Резидентураның болуы туралы талаптарға байланысты дәрігер-трансфузиологтарды қайта	• Кадрлардың кетуі

		даярлаудағы қиындықтарға, сондай-ақ ЖОО-ларда «Кклиникалық зертханалық диагностика» мамандығы бойынша мамандарды даярлаудың жоқтығына байланысты мамандармен (дәрігер-трансфузиологтармен және дәрігер-зертханашылармен) толық қамтамасыз етілмеуі • Тұтыну материалдарының, медициналық бұйымдардың түсу тұрақсыздығы	• Кадрлар тапшылығы • ҚР ДСМ бекіткен ТМККК қосалқы орындаушысы ретінде орындалатын медициналық қызметтерге тарифтік құнның төмендігі.
Төмен (Т)		• Ұлттық валюта бағамының құбылуына байланысты жабдықтардың, шығыс материалдарының, медициналық бұйымдардың, дәрілік заттардың, дезинфекциялау құралдарының құнының өсуі. • Мемлекеттік тапсырыс бойынша қаржыландырудың азаюы.	• Денсаулық сақтау секторында бәсекелестік ортаның дамуы.

3-кесте — Қорытынды SWOT–талдау

	Сипаттама	Артықшылығы			Кемшілігі		
МҮМКІНДІКТЕР	Донорларды қаржылай ынталандыру	Донорлар санының көбеюі	ТМККК орындалуы, өтінімдердің уақтылы орындалуы	Қанның сирек топтарының төмендемейтін қорын сақтау	Қанды өтеусіз негізде тапсырған донорға берілетін тегін тамақтың ақшалай баламасының мөлшері – 0,25 АЕК		

	Жас мамандарға көтермеме қаржылай қаражат төлеуді ұйымдастыру. Жас мамандарға НҚА-да белгіленгеннен жоғары ақы төлеу.	Дәрігерлік кадрлардың келуі	Штаттың толықтырылуы				
	Тұтас қанды автоматтандырылған қайта өңдеу бойынша жаңа технологияларды енгізу және жұмыс процесін оңтайландыру	Қан дайындау уақытының азаюы	Өндірілетін компоненттердің сапасын жақсарту	Қан компоненттерін өндіру көлемін арттыру	Шығыс материалдары мен жиынтықтаушылардың жоғары құны		
	ТМККК шеңберінде қосалқы орындаушы ретінде және ақылы қызметтер бойынша зерттеулер саны мен медициналық қызметтердің түрлерін көбейту	Көрсетілетін қызметтер спектрін кеңейту	Қосымша бюджеттен тыс қаражатты тарту		ҚР ДСМ бекіткен ТМККК қосалқы орындаушысы ретінде орындалатын медициналық қызметтерге тарифтік құнның төмендігі		
	Мемлекеттік бюджеттен тұрақты әрі уақтылы қаржыландыру	Мемлекеттік бюджеттен қаражаттың уақтылы түсуі	Бюджеттен тыс қосымша қаражатты кеңейту және тарту		ҚР ДСМ бекіткен ТМККК қосалқы орындаушысы ретінде орындалатын медициналық қызметтерге тарифтік құнның төмендігі		
ҚАУІПТЕР	Халықтың донорлыққа деген				Қан компоненттері	Қанды өтеусіз негізде тапсырған	Халық арасында өтеусіз донорлықты

	әлеуметтік уәждемесінің төмендеуі. Халықтың өтеусіз қан донорлығы мәселелері бойынша азаматтық ұстанымының төмендігі				қорларының азаюы	донорға берілетін тегін тамақтың ақшалай баламасының мөлшері – 0,25 АЕК	ұйымдастыруға түрлі ұйымдардың төмен деңгейде тартылуы .
	Денсаулық сақтау секторында бәсекелестік ортаның дамуы				Білікті кадрлардың жеке және басқа да медициналық ұйымдарға кетуі	Кадрлар тапшылығы	Мамандардың (дәрігер-трансфузиологтар және дәрігер-лаборанттар) толық жинақталмауы: резидентураның болуы талаптарына байланысты дәрігер-трансфузиологтарды қайта даярлаудағы қиындықтарға, сондай-ақ жоғары оқу орындарында «Клиникалық зертханалық диагностика» мамандығы бойынша мамандарды даярлаудың жоқтығына байланысты.
	Өндірістік жабдықтардың жұмысындағы іркілістер				Жөндеуге арналған қаржылық шығындар	Жабдықтардың бос тұрып қалуы	МҰ қан компоненттеріне өтінімдерін орындамауы

	Ақпараттық жүйе жұмысының іркілісі						
	Мемлекеттік тапсырыс бойынша қаржыландырудың азаюы				Мемлекеттік тапсырыс орындалмаған жағдайда қаржыландыру жүргізілмейді	Ұлттық валюта ауытқуларына байланысты жабдықтардың, шығыс материалдарының, медициналық бұйымдардың, дәрілік заттардың, дезинфекциялау құралдарының құнының өсуі	Шығыс материалының, медициналық бұйымдардың түсуінің тұрақсыздығы

2025 жыл сандармен

- Барлық қан донорлары – 16 272
- Қан және оның компоненттерін донациялаудың жалпы саны – 16 310
- Донациялар жарамсыздығы (жарамсыз деп табу) 8,7%-ды құрады
- Жарамдылық мерзімінің өтуіне байланысты өнімді есептен шығару – 0%
- Донорлық қан үлгілері 2025 жыл сандар сөйлейді
- Барлық қан донорлары – 16 272
- Қан мен оның компоненттерін донациялаудың жалпы саны – 16 310
- Донация жарамсыздығы (брак) – 8,7%
- Жарамдылық мерзімі өтуіне байланысты өнімді есептен шығару – 0%
- Донорлық қан үлгілерін зерттеуді толық көлемде жүргізу – 100%
- Зертханалық зерттеулердің сапасын сыртқы бағалауға (ЗСБ) қатысу: гематология, биохимия, иммуногематология, инфекциялар диагностикасы, архивтік үлгілерді тексеру бойынша
- Техникалық қызмет көрсету толық көлемде жүргізілді, орындалу көрсеткіші 100% құрады
- Жабдықтарды метрологиялық салыстырып тексеру толық көлемде жүргізілді, орындалу көрсеткіші 100% құрады
- Білікті кадрлардың жалпы саны – 79,0% (104 қызметкер)

- Сапа менеджменті жүйесін жетілдіру
- «InfoDonorPRO» ААЖ ақпараттық бағдарламасының жұмыс істеуі
- 2025 жылға қаржылық қаражаттың түсуі – 2 067 678,02 мың теңге, пайда 20 463,75 мың теңгені құрады

1.2. Даму стратегиясы (стратегиялық мақсаттар)

«Облыстық қан орталығы» КМК 4 стратегиялық бағыт бойынша жұмыс істейді *(индикаторлар – 16, міндеттер – 14):*
Стратегиялық бағыт 1: *Қаржы қаражатын пайдалану тиімділігі.*
1.1-мақсат: *Активтерді пайдалану тиімділігі және кредиторлық берешектің болмауы. Кәсіпорын кірісін ұлғайту (индикаторлар – 3, міндеттер – 3).*
2 Стратегиялық бағыт: Клиенттер.
2.1-мақсат: *Медициналық көмек көрсетудің пациентке бағдарланған жүйесін құру (индикаторлар – 3, міндеттер – 3).*
3 Стратегиялық бағыт: *Кадр саясатын жүзеге асыру және кадрларды басқару жүйесін жетілдіру.*
3.1-мақсат: *Кадрлық әлеуетті және корпоративтік басқару жүйесін дамыту (индикаторлар – 6, міндеттер – 4).*
4 Стратегиялық бағыт: *Кәсіпорын қызметінің тиімділігін арттыру және ішкі процестерді қамтамасыз ету.*
4.1-мақсат: *Шығарылатын қан компоненттері мен медициналық қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін басқару жүйесін жетілдіру (индикаторлар – 4, міндеттер – 4).*

2-БӨЛІМ. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

2.1. Корпоративтік басқару құрылымы, байқау кеңесінің/директорлар кеңесінің құрамы (корпоративтік басқаруы бар ұйым үшін)

«Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ 04.03.2025 ж. №129-ө бұйрығымен Байқау кеңесінің құрамы бекітілді:

1. Смагулов Нургали Олжабаевич – Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының Заңнамалық қамтамасыз ету және бақылау жұмысы бөлімінің басшысы;
2. Арыспаева Саида Болатовна – «Республикалық қан орталығы» ШЖҚ РМК директорының медициналық мәселелер жөніндегі орынбасары;
3. Жунусов Ержан Сейполович – «Қарағанды медицина университеті» КЕАҚ Инфекциялық аурулар және фтизиатрия кафедрасының қауымдастырылған профессоры;
4. Адиетова Татьяна Александровна – «Благодать» қарттар үйі» ЖШС директоры;

5. Есімсейіт Гүлнәр Делдешқызы – «AQNIET» Қазақстандық денсаулық сақтау және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ Қарағанды және Ұлытау облыстық филиалының төрағасы (2023ж. - 4, 2024ж.-4).

2025 жыл ішінде өткізілген отырыстарда 14 мәселе қаралып, шешімін тапты:

1. Байқау кеңесінің жаңа құрамын таныстыру. «Облыстық қан орталығы» КМК Байқау кеңесінің төрағасын сайлау.
2. Байқау кеңесі хатшысын тағайындау және оның жалақысын белгілеу.
3. «Облыстық қан орталығы» КМК директорының 2024 жылғы қызметін бағалау.
4. 2024 жылға арналған Ғимараттар қауіпсіздігі бағдарламасының орындалуы туралы есепті келісу.
5. «Облыстық қан орталығы» КМК-ның 2024 жылға арналған даму жоспарының орындалуы туралы есепті келісу.
6. 2024 жылғы жылдық қаржылық есептілікті бекіту.
7. 2025 жылдың 1-тоқсанындағы қаржы-шаруашылық қызметі бойынша есепті келісу.
8. 2025 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қаржы-шаруашылық қызметі бойынша есепті келісу.
9. 2025 жылдың бірінші жартыжылдығындағы ғимараттар қауіпсіздігі бойынша есепті келісу.
10. «Облыстық қан орталығы» КМК-ның 2026 жылға арналған даму жоспарының жобасын келісу.
11. Тәуелсіздік күніне орай қызметкерлерге сыйақы беру бөлігінде шешім қабылдау.
12. «Облыстық қан орталығы» КМК ұйымдастырушылық құрылымын бекіту.
13. «Облыстық қан орталығы» КМК Байқау кеңесінің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту.
14. Қарағанды облысының Денсаулық сақтау басқармасының ҚОДСБ «Облыстық қан орталығы» КМК директоры Т.М. Садвакасов пен еңбек шартын бұзу туралы ұсынысын келісу.

2.2 Пациентті (донорды) қолдау және ішкі сараптама қызметінің құрамы мен қызметі

Пациентті (донорды) қолдау және ішкі сараптама қызметі (бұдан әрі – Қызмет) бекітілген пациентті (донорды) қолдау және ішкі сараптама қызметінің жұмысы туралы ережеге және белгіленген стандарттарға сәйкес көрсетілетін медициналық қызметтер мен шығарылатын өнімнің сапасын үздіксіз арттыруды қамтамасыз ету бойынша қызметті жүзеге асырады.

Жетекшісі: Л.Е. Сабирова – директордың орынбасары

Жетекшінің орынбасары: М.З. Калиакпарова – сапаны бақылау бөлімінің меңгерушісі

Хатшы: Ж.К. Ибраева – медициналық зертхана маманы

Құрамы:

Т.Н. Денисенко – медициналық зертхана меңгерушісінің м.а.
Л.А. Агапова – ҚҚІКжУС блогы барөнім беру бөлімшесінің меңгерушісі
Ж.Т. Дюсекеева – сапа жөніндегі менеджердің м.а.

Қызмет жұмысының бағыттары:

- Қан және оның компоненттерінің донорларынан, халықтан және медициналық ұйымдардан түскен өтініштерді қарау. 2025 жылы шығарылатын гемоөнімдердің сапасына және көрсетілетін қызметтердің сапасына негізделген өтініштер тіркелген жоқ.
- Кәсіпорын көрсететін медициналық қызметтердің деңгейі мен сапасына қанағаттану дәрежесі донорлар, келушілер мен қызметкерлер арасында сауалнама жүргізу арқылы анықталады: 2023 жылы 1 475 донор мен 71 қызметкер, 2024 жылы 1 629 донор мен 75 қызметкер, 2025 жылы 1 659 донор мен 75 қызметкер қамтылды. Сауалнама қорытындысы бойынша донорлардың қанағаттануы 100%-ды, ал қызметкерлердің қанағаттану деңгейі 87%-ды құрайды.
- Денсаулық сақтау саласындағы белгіленген стандарттарға сәйкестікке ішкі аудит жүргізу: 2023 жылы – 14 құрылымдық бөлімшеде, 2024 жылы – 14 құрылымдық бөлімшеде (116 ішкі процесс), 2025 жылы – 14 құрылымдық бөлімшеде (116 ішкі процесс) жүзеге асырылды. Донор карталарына аудит жүргізілді: 2023 жылы – 3 016, 2024 жылы – 3 263, 2025 жылы – 3 260 донор картасы тексерілді. Аудит нәтижелері Пациентті (донорды) қолдау және ішкі сараптама қызметінің отырыстарында, сондай-ақ Медициналық кеңестерде қаралып, сәйкессіздіктерді жою мен алдын алу бойынша басқарушылық шешімдер қабылданды.
- Өндірістік қызметтегі сәйкессіздіктердің алдын алуға, анықтауға және жоюға бағытталған, сондай-ақ гемоөнімдер өндіру мен медициналық қызметтер көрсету кезінде сапа мен тиімділікті арттыруға ықпал ететін бағдарламалық іс-шараларды әзірлеу, орындау және бақылау.
- Ресми веб-сайтта көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасы бойынша өтініш білдіру мүмкіндігі туралы ақпарат, соның ішінде «Облыстық қан орталығы» КМК сенім телефоны, ҚОДСБ сенім телефоны және E-otinish электрондық өтініш жүйесі орналастырылған.
- «Сенім телефоны» жұмыс істейді, холлдарда өтініш беру ережелері туралы ақпарат орналастырылған, екінші қабаттың холлында Қызмет туралы ақпараттық тақтайша, ал бірінші қабатта тіркеу орнының қасында өтініштер жинауға арналған жәшік қойылған, өтініш беруге арналған бланкілер бар, өтініштер бойынша тұрақты мониторинг жүргізіледі.
- Кадрлық және материалдық-техникалық ресурстардың жай-күйі мен оларды пайдалану тиімділігін бағалау. Тоқсан сайын медициналық персоналға СОР білу және орындау бойынша жазбаша сауалнамалар жүргізілді, білімді бағалау нәтижелері бойынша оқыту сабақтары өткізілді. Жабдықтарды метрологиялық салыстырып тексеру метрологиялық салыстырып тексеру графигіне сәйкес толық көлемде жүргізілді, тиісті лейблдар мен сертификаттар бар.

Қорытындылар: Қызметтің жұмыс жоспарына сәйкес барлық жоспарланған іс-шаралар толық көлемде орындалды. Мүмкін болатын және қолданыстағы тәуекелдерге, түзету іс-шаралары мен ескерту әрекеттеріне, донорлар мен пациенттердің қанағаттану деңгейіне, құрылымдық бөлімшелер мен ішкі процестерде өткізілген аудиттерге толық көлемде мониторинг және талдау жүргізілді.

3-БӨЛІМ. КӘСІПОРЫННЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН БАҒАЛАУ

3.1. Қызметтің негізгі көрсеткіштері (даму жоспары бойынша)

1-стратегиялық бағыт: *Қаржы қаражатын пайдалану тиімділігі.*

1.1-мақсат: *Активтерді пайдалану тиімділігі және кредиторлық берешектің болмауы. Кәсіпорын кірісін ұлғайту*

№ п/п	Мақсатты индикатордың атауы	Өлшем бірлігі	2025 жылға арналған жоспар	2025 жылғы факт	2024 жылғы факт	2023 жылғы факт	Қол жеткізу туралы мәліметтер
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Активтер рентабелігі (ROA)	%	0,48	1,04	0,45	0,41	Қол жеткізілді
2	Мерзімі өткен кредиторлық берешек	%	0	0	0	0	Қол жеткізілді
3	Ақылы қызметтерден түсетін кірістер	%	2,6	2,4	2,4	2,4	Қол жеткізілді

Осы стратегиялық мақсат шеңберіндегі негізгі міндеттер бойынша жүргізілген іс-шаралар нәтижесінде 3 индикатордың 2-уіне қол жеткізілді (66,3%).

2-стратегиялық бағыт: *Клиенттер*

2.1-мақсат: *Медициналық көмек көрсетудің пациентке бағдарланған жүйесін құру*

№	Мақсатты индикатордың атауы	Өлшем бірлігі	2025 жылға арналған жоспар	2025 жылғы факт	2024 жылғы факт	2023 жылғы факт	Қол жеткізу туралы мәліметтер
1	2	3	4	5	6	7	9
	Мақсатты индикаторлар						
1	Кәсіпорынның аккредиттелуінің болуы:						
	1) кәсіпорынның	иә/жоқ	-	-	-	20.12.2023	Қол жеткізілді
	2) медициналық зертхананың	иә/жоқ	21.10.2024	-	21.10.2024	-	Қол жеткізілді
2	Қанағаттану деңгейі:						
	медициналық ұйымдардың шығарылатын қан	%	99,9	100	100	100	Қол жеткізілді

	компоненттерінің сапасымен және олармен қамтамасыз етілуімен						
	тұтынушылардың (донорлар, МҰ пациенттері, медициналық ұйымдар) көрсетілетін қызметтердің сапасымен	%	99,9	100	100	100	Қол жеткізілді
3	Қан өнімі мен қызмет көрсету сапасына негізделген өтініштердің болмауы	мөлшері	1	0	0	0	Қол жеткізілді

Осы стратегиялық мақсат шеңберіндегі негізгі міндеттер бойынша жүргізілген іс-шаралар нәтижесінде 3 индикатордың 3-уіне қол жеткізілді (100%).

3-стратегиялық бағыт: *Кадр саясатын іске асыру және кадрларды басқару жүйесін жетілдіру*

3.1-мақсат: *Кадрлық әлеуетті және корпоративтік басқару жүйесін дамыту*

№	Мақсатты индикатордың атауы	Өлшем бірлігі	2025 жылға арналған жоспар	2025 жылғы факт	2024 жылғы факт	2023 жылғы факт	Қол жеткізу туралы мәліметтер
1	2	3	4	5	6	7	8
	Мақсатты индикаторлар						
1	Ұйым қаражаты есебінен біліктілікті арттырудан, сертификаттау курсынан өткен қызметкерлердің үлесі (25%-дан кем емес)	%	100	100	100	100	Қол жеткізілді
2	Кадрлармен қамтамасыз етілу (жиынтықтау): жалпы (қызметкерлердің барлық санаттары бойынша), соның ішінде:	%	97	97	97	98	Қол жеткізілді
	дәрігерлер		92	96	95	95	Қол жеткізілді
	орта медициналық қызметкерлер		97	100	100	100	Қол жеткізілді
3	Өндірістік персоналдың қанағаттану деңгейі (85%-дан кем емес)	%	86	87	87	87,5	Қол жеткізілді
4	Өндірістік персоналдың тұрақсыздығы (8%-дан аспайтын / кем емес)	%	9	3,4	9	11	Қол жеткізілді
5	Маманның 1 мөлшерлемесіне шаққандағы орташа жалақының экономикадағы орташа жалақыға қатынысы (1,5%-дан кем емес)	%	1,6	1,6	1,7	1,5	Алып тасталды
6	Үлгілік корпоративтік құжаттар пакетінің болуы	иә/жоқ	да	да	да	да	Қол жеткізілді

Осы стратегиялық мақсат шеңберіндегі негізгі міндеттер бойынша жүргізілген іс-шаралар нәтижесінде 6 индикатордың 6-уына қол жеткізілді (100%).

4-стратегиялық бағыт: *Кәсіпорын қызметінің тиімділігін арттыру және ішкі процестерді қамтамасыз ету*

4.1-мақсат: *Шығарылатын қан компоненттері мен медициналық қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін басқару жүйесін жетілдіру*

№	Мақсатты индикатордың атауы	Өлшем бірлігі	2025 жылға арналған жоспар	2025 жылғы факт	2024 жылғы факт	2023 жылғы факт	Қол жеткізу туралы мәліметтер
1	2	3	4	5	6	7	8
	Мақсатты индикаторлар						
1	Сапаны сыртқы бағалау бағдарламаларына қатысатын зертханалық диагностика түрлерінің саны	кол-во	4	4	4	4	Қол жеткізілді
2	Зертханалық диагностиканың сапасын сыртқы бағалаудың халықаралық бағдарламаларының саны	кол-во	2	2	2	2	Қол жеткізілді
3	Қан өнімдерінің сапасын бақылауды жүргізу деңгейі	%	100	100	100	100	Қол жеткізілді
4	Өлшеу құралдарына, медициналық жабдықтарға және ақпараттық жүйелерге жоспарлы техникалық қызмет көрсетуді және метрологиялық тексеруді уақтылы жүргізу	%	100	100	100	100	Қол жеткізілді

Осы стратегиялық мақсат шеңберіндегі негізгі міндеттер бойынша жүргізілген іс-шаралар нәтижесінде 4 индикатордың 4-уіне қол жеткізілді (100%).

3.2. Негізгі медициналық-экономикалық көрсеткіштер (соңғы 3 жылда)

Ұйымның соңғы 3 жылдағы медициналық-экономикалық көрсеткіштері

№	Атауы	2023 жылғы факт	2024 жылғы факт	2025 жылғы факт
1	Тұтынушылардың (донорлар, МҰ пациенттері, медициналық ұйымдар) көрсетілетін қызметтердің сапасына қанағаттану деңгейі	100	100	100

2	Персоналдың қанағаттану деңгейі	87,5	87	87
3	Донорлық қан үлгілерін трансфузиялық инфекцияларға мына әдістермен тестілеуді жүргізу деңгейі: ИХЛА, жабық типтегі автоматты анализаторлардағы ПТР	100	100	100
4	Эритроциттерді лейкофильтрациялау деңгейі	100	100	100
5	СЗП лейкофильтрациялау деңгейі	100	100	100
6	Тромбоциттерді вирусинактивациялау деңгейі	100	100	100
7	ЖПМ вирусинактивациялау деңгейі	61,9	45,3	63,0
8	Қан өнімдерінің сапасын бақылауды жүргізу деңгейі	100	100	100
9	Есепті кезеңдегі кірістер (мың теңге)	1 990 384,4	1 933 562,41	2 050 138,59
10	Есепті кезеңдегі барлық шығыстар (мың теңге)	1 984 375,3	1 989 564,43	2 029 674,84
11	Ақылы медициналық қызметтерден түскен кірістер (мың теңге)	57 370,7	50 487,34	48 010,95
12	Мерзімі өткен кредиторлық берешек	0	0	0

4-БӨЛІМ. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ. БЮДЖЕТТІҢ КІРІС БӨЛІГІН АРТТЫРУ МЕХАНИЗМІ

4.1. Қаржылық жағдай туралы есеп (қаржылық-экономикалық көрсеткіштер)

Қаржылық менеджменттің тиімділігін арттыру, оның ішінде бюджет шығыстарының тиімділігін бағалау.

1-іс-шара.

Қаржы қаражатын тиімді пайдалану үшін кәсіпорынның кірістері мен шығыстарын бақылау.

2025 жылы кіріс сомасы 2 078 246,2 мың теңгені құрады, 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы қаражатының қалдығы 93 157,26 мың теңгені құрады. Барлық шығыстар 2 078 071,0 мың теңгені құрады.

Қаржы қаражаты кәсіпорынды дамытудың бірінші кезектегі міндеттерін шешуге бағытталады. Қаржы ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында жүргізіліп жатқан шығыстарға ай сайын талдау жасалып, мемлекеттік сатып алу жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

2-іс-шара.

Сыртқы қаржылық бақылау.

Кәсіпорынның қаржылық есептілігі туралы заңнаманы қамтамасыз ету және сақтау мақсатында, «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 151-бабына сәйкес «Облыстық қан орталығы» КМК-да 2025 жылғы жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізілді. Аудитті тәуелсіз аудиторлық ұйым – «МСА Аудит» ЖШС жүргізді, 2026 жылғы 20 сәуірдегі № н/ж (нөмірсіз) аудиторлық қорытынды ұсынылды.

Жүргізілген аудит нәтижелері бойынша мыналар анықталды: Кәсіпорынның қаржылық есептілігі Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарының («ҚЕХС») және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес келеді және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығымен бекітілген жылдық қаржылық есептілік форматында жасалған.

4.2 Кірістер, шығыстар және жиынтық кіріс туралы есеп

1-іс-шара.

ТМККК бойынша және ақылы медициналық қызметтерден түсетін кірістер.

2025 жылғы ТМККК бойынша кірістер 1 996 224,00 мың теңгені құрады, оның ішінде: қан дайындау, оның компоненттері мен препараттары – 1 996 224,00 мың теңге.

2024 жылмен салыстырғанда ТМККК бойынша кірістер 62 661,59 мың теңгеге өсті.

2025 жылы ақылы қызметтерден түскен кірістер 48 010,95 мың теңгені құрады. 2024 жылмен салыстырғанда ақылы қызметтерден түсетін кірістер 2 476,39 мың теңгеге азайды.

2025 жылғы жұмыс нәтижелері бойынша пайда 20 463,75 мың теңгені құрады.

2-іс-шара.

Маркетинг саясатын жетілдіру.

«Облыстық қан орталығы» КМК тарапынан сайттағы ақпаратты жаңарту бойынша тұрақты түрде жұмыс жүргізіліп келеді. Кәсіпорынның ресми парақшалары Facebook, Instagram әлеуметтік желілерінде жүргізіледі. Донорлар арасында және облыстың медициналық ұйымдарында таратылатын кәсіпорынның жұмысы туралы буклеттер, плакаттар, күнтізбелер, бейнероликтер бар.

4.3. Капитал өзгерістері туралы есеп

Капитал 71 198,11 мың теңгеге ұлғайып, 1 704 599,21 мың теңгені құрады. Ұлғаю бөлінбеген пайда мен негізгі құралдардың түсуіне байланысты.

4.4. Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп

2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ақша қаражаттарының қалдығы 97 995,84 мың теңгені құрады. Есепті кезеңде 2 067 678,02 мың теңге сомасына ақша қаражаты түсті, шығыс 2 072 516,60 мың теңгені құрады. 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ақша қаражаттарының қалдығы 93 157,26 мың теңгені құрайды.

4.5. Негізгі құралдарды пайдалану тиімділігін бағалау

Негізгі қорларды пайдалану тиімділігі жыл сайынғы өнім шығару көлемінің (кәсіпорын деңгейінде) негізгі қорлардың орташа жылдық толық құнына қатынасы ретінде есептелетін қор қайтарымы көрсеткішімен сипатталады:

Көрсеткіштер	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	Жыл ішіндегі өзгерістер
1. Көрсетілген қызметтер көлемі (мың теңге)	1 980 759,1	1 984 049,75	2 038 720,56	54 670,81
2. Негізгі қорлардың орташа жылдық сомасы (мың теңге)	2 803 666,0	2 765 408,17	2 821 232,24	55 824,07
3. Қор қайтарымы (теңге) (1 / 2)	0,71	0,72	0,72	0

Қор сыйымдылығы — қор қайтарымына кері шама. Ол өндірілген өнімнің 1 теңгесіне негізгі өндірістік қорлардың қанша мөлшері келетінін сипаттайды. Қор сыйымдылығы — бастапқы құны бойынша өнеркәсіптік-өндірістік негізгі қорлардың орташа сомасын шығарылған өнім көлеміне бөлгенге тең.

Көрсеткіштер	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	Жыл ішіндегі өзгерістер
1. Көрсетілген қызметтер көлемі (мың теңге)	1 980 759,1	1 984 049,75	2 038 720,56	54 670,81
2. Негізгі қорлардың орташа жылдық сомасы (мың теңге)	2 803 666,0	2 765 408,17	2 821 232,24	55 824,07
3. Қор сыйымдылығы (теңге) (2 / 1)	0,71	1,39	1,38	-0,01

Қор сыйымдылығының төмендеуі еңбек шығындарының үнемделгенін білдіреді. Қормен жарақтандыру қор қайтарымы мен қор сыйымдылығының шамаларына үлкен әсер етеді. Қормен жарақтандыру жұмыскерлердің еңбек құралдарымен жарақаттану дәрежесін сипаттау үшін қолданылады.

Көрсеткіштер	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	Жыл ішіндегі өзгерістер
1. Жұмыскерлердің орташа тізімдік саны	133	133	134	+1
2. Негізгі қорлардың орташа жылдық сомасы (мың теңге)	2 803 666,0	2 765 408,17	2 821 232,24	+ 55 824,07
3. Қормен жарақтандырылуы (теңге) (2 / 1)	21 029	20 792	21 053,97	+ 261,97

4.6. Кіріс көлеміндегі бюджеттен тыс қаражат үлесін арттыру

За отчетный год доходы от платных медицинских услуг составили 48 010,95 тыс. тенге (2024 г. – 50 487,34 тыс.тенге). Отмечается сокращение доли доходов от платных услуг + 2 476,39 тыс. тенге – 0,05 % в сравнении с фактом 2024 года.

Есепті жылы ақылы медициналық қызметтерден түскен кірістер 48 010,95 мың теңгені құрады (2024 ж. – 50 487,34 мың теңге). 2024 жылғы фактімен салыстырғанда ақылы қызметтерден түсетін кірістер үлесінің 2 476,39 мың теңгеге – 0,05%-ға қысқарғаны байқалады.

5-БӨЛІМ. ПАЦИЕНТТЕР

5.1. Пациенттерді (донорларды) тарту

2025 жылы қан және оның компоненттерін донациялау саны 16 310 (2024 жыл – 16 305) болды, 2024 жылмен салыстырғанда жалпы донациялар саны 5-ке (0,03%) артқаны байқалады.

2025 жылы донорлар саны – 16 272 (2024 жыл – 16 256), оның ішінде алғашқы донорлар – 2 989 (2024 жыл – 3 329), донорлардың жалпы санының 16-ға (0,1%) аздап өскені және алғашқы донорлардың 340-қа (-10,2%) азайғаны байқалады.

2025 жылы тұрақты донорлар саны 1 257 болып тіркелді, 2024 жылмен салыстырғанда (1 692 донор) тұрақты донорлар саны 435-ке (-25,7%) азайды.

2025 жылы тегін донациялар іс жүзінде бұрынғы деңгейінде қалды, 5 (0,03%) донацияға аздап өскені байқалады, тегін донациялардың үлесі 100%-ды құрады.

5.2. Пациенттердің (донорлардың және медициналық ұйымдардың) медициналық ұйымның қызметтеріне қанағаттануы.

Өтініштермен жұмыс

Қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында ай сайын қан компоненттерін құюдың жағымсыз салдарының туындауы, алынған гемоөнімнің сапасы, қан компоненттері мен препараттарына деген қажеттіліктің қанағаттандырылуы, трансфузиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдардан түскен трансфузиялық орталарға арналған өтінімдердің орындалуы туралы ақпарат жиналды. 2023–2025 жылдары қан компоненттерін құюдың жағымсыз салдары және гемоөнімнің сапасына қатысты шағымдар болған жоқ, қан компоненттері мен препараттарына қажеттілік толық көлемде уақтылы қанағаттандырылды.

Трансфузиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың мамандарына анкеталық сауалнама жүргізу жылына 2 рет ұйымдастырылды. 2025 жылы трансфузиялық көмек көрсететін 36 медициналық ұйымның 110 қызметкері сауалнамамен қамтылды, қанағаттану деңгейі – 100%.

2023–2025 жылдар кезеңінде ұсынылатын медициналық қызметтер мен гемоөнімнің сапасына қатысты өтініштер түскен жоқ.

2025 жылы заңды және жеке тұлғалардан 135 өтініш келіп түсті, 2024 жылы – 153, 2023 жылы – 198. Барлық өтініштерге жауаптар уақтылы берілді.

Көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту үшін тоқсан сайын донорларға сауалнама жүргізілді, 2024–2025 жылдар кезеңінде жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша қан және оның компоненттері донорларының көрсетілетін қызметтер сапасына 100% қанағаттанатыны байқалады.

5.3. Пациенттермен жұмыс, емдеуге жатқызылған пациенттер құрылымын басқару *(бұл критерий құзыретке кірмейді)*.

5.4. Пациенттердің (донорлардың) қауіпсіздігі

2024 жылы донорлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін келесі іс-шаралар жүргізілді:

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI Кодексіне, «Донорларды медициналық куәландыруға, медициналық қолдану үшін қан өнімдерін өндіру кезіндегі қауіпсіздікке және сапаға қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2020 жылғы 2 қазандағы № ҚР ДСМ-113/2020 бұйрығына және «Медициналық ұйымдарды аккредиттеу стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 5 қарашадағы № ҚР ДСМ-111 бұйрығына сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде донордың құқықтары мен міндеттерінің жазбаша мазмұны бар. Донорларға олардың құқықтары туралы ақпарат тіркеу орнының жанындағы тақтайшаларда, донорлар сауалнама толтыратын үстелдерде, 1, 2, 3-қабаттардың холында орналастырылған.

Өтініш беру тәртібі әзірленіп, ақпараттық тақтайшаға орналастырылды.

Өтініштермен жұмыс істеу үшін ақпараттық стендте және кәсіпорынның сайтында орналастырылған тәртіп қолданылады.

Қызметкерлер донорлардың құқықтары мен оларды сақтау ережелері туралы хабардар етілген. СМЖ ДП 22-06-25 «Құпия ақпаратты басқару» құжатталған процедурасына сәйкес донор туралы ақпараттың құпиялылығы қамтамасыз етіледі. Жұмысқа орналасу кезінде қызметкерге құпия ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптар түсіндіріледі, «Құпия ақпаратты жария етпеу туралы міндеттемеге» қол қойылады. Персонал құпия ақпаратпен жұмыс істеуге бірінші басшының бұйрығымен, сондай-ақ құпия ақпаратпен жұмыс істеу бойынша СМЖ ДП 22-06-25-ті зерделегеннен кейін жіберіледі. Семинар сабақтарының жоспары және персоналды құпия ақпаратпен жұмыс істеуге үйрету хаттамалары бар. Құпия ақпаратпен жұмыс істеу бойынша тестілеу жүргізіледі.

Донордың қан тапсыруға және зертханалық зерттеулер жүргізуге келісімін алу қанды және оның компоненттерін донациялауға ақпараттандырылған ерікті келісім нысанында қойылған қолымен расталады.

Донорды тексеру, донорлық қан, қан өнімдерін дайындау мен қайта өңдеу процедураларына және т.б. қатысты ұлттық және халықаралық стандарттарға сәйкес 16 Құжатталған рәсім (ҚР), 61 Стандартты операциялық рәсіп (СОР), ішкі комиссиялар мен қызметтердің жұмысы туралы 2 ереже қайта қаралып, өзектендірілді.

Медициналық қызметтердің сапасын басқару жүйесі мен пациенттің қауіпсіздігін бағалаудың 31 ішкі индикаторы әзірленіп, енгізілді, ай сайынғы және тоқсан сайынғы мониторинг жүргізіліп тұрады.

Қан компоненттерінің иммунологиялық және инфекциялық қауіпсіздігін арттыру үшін ең жаңа технологиялар мен заманауи жабдықтар қолданылады, соның ішінде:

1. «InfoDONOR PRO» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі жұмыс істейді, бұл: донорлыққа абсолютті қарсы көрсетілімдері бар тұлғаларды шеттетуді, донорларды визуалды сәйкестендіруді, жеке куәлік деректерін автоматты түрде оқуды, кабинеттерге визуалды шақыруды, зертханалық зерттеулердің нәтижелерін ескере отырып автоматты түрде жарамсыз деп табуды және таңбалауды жүргізуді, дайындалған қан компоненттері бойынша бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.
2. 2016 жылдан бастап трансмиссивті инфекцияларға донорлық қан үлгілерін ИХЛА және ПТР әдісімен жабық типтегі автоматты анализаторларда 2 кезеңді скринингтеу жүргізіледі, донорлық қан үлгілерін скринингтеу үлесі 100%-ды құрайды.
3. 2017 жылғы мамырдан бастап қан үлгілерін иммуногематологиялық зерттеу 100% автоматты анализаторларда жүргізіледі.
4. Қан компоненттерінің қауіпсіздігі келесі әдістерді қолдану арқылы қамтамасыз етіледі:

- қан компоненттерін лейкофильтрациялау;
- жаңа тоңзытылған плазманы карантиндеу;
- плазма мен тромбоциттерді вирусинактивациялау.

Медициналық қызметтердің сапасын арттыру мақсатында және «Аккредиттеу және аккредиттеу аттестаттарын қайта рәсімдеу туралы» 2025 жылғы 11 желтоқсандағы № 1683-ОД бұйрығына сәйкес ҚР СТ ISO 15189 – 2023 стандартына өту жүзеге асырылды. 2024 жылғы 21 қазандағы № KZ.M.10.2227 аккредиттеу аттестаты 2029 жылғы 21 қазанға дейін жарамды.

«Облыстық қан орталығы» КМК 2023 жылғы 20 желтоқсанда жоғары санат беріле отырып, қан қызметі саласында қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарына арналған аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін растады (2023 жылғы 20 желтоқсандағы № 201 бұйрық, 2023 жылғы 20 желтоқсандағы № KZ85VEG00013979 куәлік, 2026 жылғы 20 желтоқсанға дейін жарамды).

5.5. Тәуекелдерді басқару

Кәсіпорын тәуекелдердің алдын алу процесін жетілдіру және оқыс оқиғалар орын алған жағдайда түзету іс-шараларын жүргізу бойынша жұмыс жүргізеді.

Келесіні қамтитын «Тәуекелдерді басқару» құжатталған рәсім әзірленді: құжаттың мақсаты мен міндеттері; тәуекелдер тізілімінің үлгісі және тәуекелдерді бағалау тәсілі; персоналды оқытуға қойылатын талаптар; тәуекел түрлері; тәуекелдерді жою жөніндегі іс-шаралар жоспары және әрбір маңызды тәуекел бойынша әрекет.

Стратегиялық және Кешенді жоспарлардан алынған ақпаратты, клиникалық көрсеткіштер мен орын алған оқиғаларды талдауды ескере отырып әзірленген «Тәуекелдерді басқару жоспары» 2025 жылға бекітілді. Тәуекелдерді басқару жоспарының орындалуына мониторинг жүргізу. Пациентті (донордың) қолдау және ішкі сараптама қызметіне жүктелді. Профилактикалық іс-шаралардың орындалуына және орын алған оқиғаларға талдау ай сайын жүргізіліп тұрды.

2025 жылы «Тәуекелдерді басқару жоспарына» сәйкес 28 тәуекел бойынша профилактикалық іс-шаралар өткізілді, олардың ішінде 5 тәуекел бойынша оқыс оқиғалар тіркелді: Идентификациялауды жүргізуді бұзу (донорды, тестілеуге арналған үлгілерді, қан компоненттерін) – 3; Анық емес зерттеу нәтижесін алуға әкеп соққан өндірістік процесті бұзу – 10; Денсаулық жағдайының нашарлауына әкеп соққан қызметкердің, донордың, пациенттің немесе келушінің құлап қалуы – 1; Ақпараттық жүйелер мен ақпараттық сервердің жұмыс істемей қалуы («InfoDonorPRO» АЖ бойынша) – 3; Қанмен және оның компоненттерімен жұмыс істеу кезіндегі апаттық жағдай – 1.

Оқыс оқиғалар орын алған барлық жағдайлар бойынша тиісті түзету іс-шаралары жүргізілді. Донорлар, медициналық ұйымдар және реципиенттер үшін жағымсыз салдарлар туындаған жоқ.

Тәуекелдерді басқаруды талдау

Ықтимал тәуекелдің атауы	Бұл тәуекел әсер етуі мүмкін мақсат	Шаралар қабылданбаған жағдайдағы ықтимал салдарлар	Тәуекелдерді басқару жөніндегі жоспарланған іс-шаралар	Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралардың нақты орындалуы	Орындалмау себептері
1	2	3	4	5	6
1. Сыртқы тәуекелдер:					
Халықтың донорлыққа деген әлеуметтік уәждемесінің төмендеуі	Медициналық көмек көрсетудің пациентке бағдарланған жүйесін құру	Медициналық ұйымдардың өтінімдерін уақтылы орындамау немесе орындамау	Тегін донорлық бойынша ақпараттық материалдар дайындау және тарату. БАҚ және интернет-ресурстар арқылы халық арасында донорлық мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Донорлар үшін уәждеуші жеңілдіктерді	Донорлық тақырыбы бойынша стендтер, буклеттер, парақшалар, баннерлер, бейне, аудио және промо-өнімдер дайындалып, орналастырылды. Донорлық туралы ақпараттық материалдар теледидарлық және интернет-ресурстарда орналастырылады. Жүргізілуде: - кәсіпорындарда, мемлекеттік мекемелерде және т.б. әлеуетті донорлар арасында донорлықтың маңыздылығы мен пайдасын	

			қарастыру.	түсіндіру бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары; - тұрақты донорларды медальдармен, грамоталармен, алғыс хаттармен, сыйлықтармен марапаттай отырып, Дүниежүзілік қан доноры күнін атап өту; - Қарағанды облысы мен Ұлытау облысының кәсіпорындары мен мекемелеріне көшпелі донорлық сессиялар; - трансфузиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың дәрігерлерін ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыспен қамту және оқыту.	
Шығын материалдары түсуінің тұрақсыздығы	Медициналық көмек көрсетудің пациентке бағдарланған жүйесін құру	Медициналық ұйымдардың қан компоненттеріне арналған өтінімдерін қамтамасыз етпеу. Өндірістік процестің тоқтап қалуы	Өндірістік процестердің талаптарын ескере отырып, жұмсау материалдарын сатып алуды жоспарлау. Жұмсау материалдарын өнім берушілердің шарттық міндеттемелерді орындауын бақылау. Шығын материалдарының қорын сақтау	Шығын материалдарын сатып алу кезінде техникалық ерекшелікті дайындау. Шығын материалдары мен медициналық бұйымдардың түсу мерзімдерін сақтау және оларға төлем жасау бөлігінде шарттық міндеттемелерді уақтылы орындау. Шығын материалдарының азайтпайтын қорының тұрақты болуын және жарамдылық мерзімдерін бақылау.	
Шығын материалдары мен жабдықтар құнының өсуі	Активтерді пайдалану тиімділігі және кредиторлық берешектің болмауы	Қызметтің басқа салаларын қаржылық қамтамасыз етудің төмендеуі. Шығын материалдарының қорын жасаудың мүмкін еместігі.	Тұтынуды талдау және болжамды қаржылық жағдай негізінде қаржыландырудың қажетті деңгейін жоспарлау. Қаржыландырушы органдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру. Шарттық міндеттемелердің орындалуына бақылау жүргізу.	Жүргізілуде: - қаржыландырудың қажетті деңгейін жоспарлау және болжамды қаржылық жағдайды тұтынуды талдау; - қаржыландырушы органдармен өзара іс-қимыл жасау арқылы қаржыландыруды бекіту; - өнім берушілердің бағаларына мониторинг жүргізу.	
2. Ішкі тәуекелдер:					

Идентификациялауды жүргізуді бұзу (донорды, тестілеуге арналған үлгілерді, қан компоненттерін)	Медициналық көмек көрсетудің пациентке бағдарланған жүйесін құру	Сәйкес келмейтін өнімді шығару. Қан өнімдерін жарамсыз ету.	НҚА мен ішкі құжаттардың талаптарын сақтау. Қызметкерлерді оқытуды жүргізу. Өндірістік процестің барлық кезеңдерінде тұрақты бақылау жүргізу.	Донорларды идентификациялауды, (үлгілерді, қан компоненттерін) таңбалауды, көшпелі жағдайларда қан дайындауды жүргізуді регламенттейтін СОР мен ҚР орындалады; Өндірістік процестер бойынша ішкі құжаттар уақтылы өзектендіріледі. Жүргізілуде: - қызметкерлерді оқыту; - аға зертханашылар/мейіргерлер, бөлімше меңгерушілері тарапынан өндірістік процестің барлық кезеңдерінде бақылау жүргізу; - құрылымдық бөлімшелерге ішкі аудиттер жүргізу.	
Процедурадан кейін донордың немесе пациенттің денсаулық жағдайының нашарлауы, оның денсаулығы үшін ауыр салдарларға әкеп соғуы	Медициналық көмек көрсетудің пациентке бағдарланған жүйесін құру	Донордың немесе пациенттің денсаулығының нашарлауы.	НҚА мен ішкі құжаттардың талаптарын сақтау. Қызметкерлерді оқытуды жүргізу. Өндірістік процестің барлық кезеңдерінде тұрақты бақылау жүргізу.	Донацияға дейін, донация кезінде және одан кейін донорды бақылауды, медициналық көмек көрсетуді, цитраттық интоксикацияның алдын алуды, донорды жіберуді және оны қан донациясы процедурасы туралы хабардар етуді регламенттейтін СОР мен ҚР орындалады; Қызметкерлерді донордың немесе пациенттің жағымсыз жағдайларын уақтылы саралауға, медициналық көмек көрсетуге оқыту жүргізіледі.	
Өндірістік процесті бұзу	Шығарылатын қан компоненттері мен медициналық қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін басқару жүйесін жетілдіру	Қан өнімдерін есептен шығару; Медициналық ұйымға сәйкес келмейтін қан өнімін беру; Реципиенттің немесе донордың денсаулық жағдайының нашарлауы.	НҚА, СОР және ҚР талаптарын сақтау. Қызметкерлерді оқытуды жүргізу.	Өндірістік процестерді регламенттейтін СОР мен ҚР орындалады, олар уақтылы өзектендіріліп отырады. Жүргізілуде: - қызметкерлерді оқыту; - аға зертханашылар/мейіргерлер, бөлімше меңгерушілері тарапынан өндірістік процестің барлық кезеңдерінде бақылау жүргізу; - құрылымдық бөлімшелерге ішкі аудиттер жүргізу.	
Қан үлгілерімен, қан компоненттерімен жұмыс істеу	Шығарылатын қан компоненттері мен	Сәйкес келмейтін өнімді шығару.	Суық тізбекті сақтауды регламенттейтін НҚА мен СОР талаптарын сақтау. Оқыту жоспарына сәйкес	Суық тізбекті сақтауды регламенттейтін СОП пен ҚР орындалады; Жүргізілуде: - қызметкерлерді оқыту;	

кезінде суық тізбекті сақтамау	медициналық қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін басқару жүйесін жетілдіру		қызметкерлерді оқытуды жүргізу.	- аға мейіргерлер/зертханашылар, бөлімше меңгерушілері тарапынан қан компоненттерін тасымалдау және сақтау кезеңдерінде бақылау жүргізу; - құрылымдық бөлімшелерге ішкі аудиттер жүргізу.	
Өндірістік жабдықтың жұмысындағы іркіліс	Медициналық көмек көрсетудің пациентке бағдарланған жүйесін құру	Жабдықтың ақаулығы. Өндірістік процестің тоқтап қалуы; Медициналық ұйымдардың өтінімдерін орындамау.	Жабдықтың тозуына мониторинг жүргізу. Ақаулықтарды анықтау. Басшылыққа және инженерлік қызметке хабарлау. «Техникалық құралдарды басқару» ҚР-ға сәйкес әрекет ету.	Жабдыққа техникалық қызмет көрсету және метрологиялық салыстырып тексеру кестелеріне сәйкес іс-шаралар жүргізіледі. Персоналды оқыту, жабдықпен жұмыс істеу кезінде пайдалану ережелері мен техникалық қауіпсіздік талаптарының сақталуын және орындалуын бақылау жүргізіледі. Жабдықтың тозуына мониторинг жүргізіледі. Жаңа жабдық сатып алу жоспарлануда. «Техникалық құралдарды басқару» ҚР-ға сәйкес іс-шаралар орындалуда.	
Өрттің туындауы	Облыстың медициналық ұйымдарын қанмен және оның компоненттерімен қамтамасыз ету	Өндірістік процестің тоқтауы. Медициналық ұйымдардың өтінімдерінің орындалмауы. Материалдық шығын. Персоналдың, донорлардың және келушілердің денсаулығы мен өмірінен айырылуы.	Төтенше әрекет ету шараларын басқаруға және үйлестіруге жауапты тұлға: 1) шұғыл байланыс жүйесін пайдалана отырып, авариялық қызметтерге және персоналға хабарлайды; 2) қажет болған жағдайда эвакуациялау стандарттарына сәйкес адамдарды және қан компоненттерін ғимараттан эвакуациялауды жүргізеді. Өрт қауіпсіздігін басқару жөніндегі іс-шаралар	Персонал өрт қауіпсіздігі техникасы ережелеріне және өрт кезіндегі іс-қимылдарға оқытылады. Ғимараттан эвакуациялаудың қосалқы жолдары қамтамасыз етілген. Ғимарат пен шатыр толығымен монолитті бетоннан (өртке төзімді материал) тұрады. Ішкі және сыртқы эвакуациялық сатылар бар. Щиттік бөлмелердің есіктері ішкі жағынан отқа төзімді материалмен және қаңылтырмен қапталған. Кәсіпорын өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етілген: тиісті орында және тиісті жазуларымен орналасқан өрт сөндіргіштері мен өрт жеңдері бар 56 өрт шкафы бар, олардың орналасқан жерлері эвакуациялау жоспарларында көрсетілген, аумақта орналасқан жерлерінің көрсеткіштері бар 2 өрт	

			орындалады.	гидранты бар. Эвакуациялау жоспарлары әр қабатта блоктар бойынша орналастырылған. С-2000 құлақтандыру жүйесімен өрт дабылы бар. Автоматты өрт дабылына жыл сайын қызмет көрсетуге шарт жасалған. Өрт сөндіру құралдарының жай-күйін есепке алу және өрт дабылын тексеруді есепке алу журналдары бар. Тез тұтанатын заттар, газ баллондары және басқа да потенциалды қауіпті материалдар мен химиялық заттар қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарына сәйкес сақталады және пайдаланылады, соның ішінде: 1) жүйелі сұрыптау және таңбалау; 2) үй-жайды құлыптау және герметикалық оқшаулау; 3) тек уәкілетті тұлғаларға ғана қолжетімділігі бар газ баллондарын сақтауға арналған құлыптау механизмі бар контейнерлерді немесе ернеулік қоршауларды пайдалану; 4) химикаттар еден деңгейінде жертөле үй-жайындағы арнайы поддондарда сақталады. «Кәсіпорынның өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету» ҚР бойынша іс-шаралар орындалуда.	

Орын алған тәуекелдер

№	Тәуекелдердің атауы	Саны	Салдарларды бағалау	Түзету іс-шаралары және салдарларды жою әдістері	Жұмсалған материалдық ресурстар	Жүргізілген түзету әрекеттерін бағалау
1.	Идентификациялауды жүргізуді бұзу (тестілеуге арналған үлгілерді, қан компоненттерін)	3	- өндірістік процеске әсер етпеді	- тергеп-тексеру жүргізілді; - қан компоненттерін кәдеге жарату жүргізілді; - қызметкерлерді жоспардан тыс оқыту жүргізілді	- зертханалық зерттеулерге арналған шығын материалдары; - қан өнімдерін дайындау мен	Кәсіпорынға байланысты, түзету іс-шаралары толық көлемде жүргізілді, тәуекел өзекті болып қала береді

					өндіруді жүргізуге арналған шығын материалдары	
2.	Зерттеудің сенімсіз нәтижесін алуға әкеп соққан өндірістік процесті бұзу	10	- өндірістік процеске әсер етпеді	- тергеп-тексеру жүргізілді; - қызметкерлерді жоспардан тыс оқыту жүргізілді; - құрамында эритроциттері бар компоненттер 9 жағдайда стандартты эритроциттер өндірісіне алынды	- зертханалық зерттеулерге арналған шығын материалдары; - қан өнімдерін дайындау мен өндіруді жүргізуге арналған шығын материалдары	Кәсіпорынға байланысты, түзету іс-шаралары толық көлемде жүргізілді, тәуекел өзекті болып қала береді
3.	Ақпараттық жүйелер мен ақпараттық сервер жұмысының істен шығуы («InfoDonorPRO» АЖ бойынша)	3	- өндірістік процеске әсер етпеді	- «InformMedical» ЖШС-ге 17.06.2025 ж. № 8-3-323 хат жіберілді, жауап 26.06.25 ж. № 049; - «InformMedical» ЖШС-не оң инфекциялары анықталған, бағдарлама бойынша шеттетілмеген донорлар тізімі жіберілді; - жұмыс іркілісінің себебін жоюға өтінім берілді		
4.	Қызметкердің, донордың, пациенттің немесе келушінің құлауы, оның денсаулық жағдайының нашарлауына әкеп соғуы	1	- еңбекке қабілеттіліктен айырылу (уақытша)	- зардап шегушіге алғашқы көмек көрсетілді; - жедел медициналық көмек шақырылды; - тергеп-тексеру жүргізу үшін еңбек инспекциясына ақпарат жіберілді; - кәсіпорын қызметкерлерімен жоспардан тыс нұсқама өткізілді	- еңбекке уақытша жарамсыздық парағын төлеуге арналған қаржылық шығындар	Кәсіпорынға байланысты емес, түзету іс-шаралары толық көлемде жүргізілді, тәуекел өзекті болып қала береді
5.	Қанмен және оның компоненттерімен жұмыс істеу кезіндегі	1	- өндірістік процеске әсер етпеді	- авариялық жағдай кезінде зардап шеккен қызметкерді екі рет тексеру; - ВВГ, СВГ, АИТВ-ға зерттеу нәтижелері – теріс;		Кәсіпорынға байланысты, түзету іс-шаралары толық көлемде жүргізілді

	авариялық жағдай			- қызметкерлермен жоспардан тыс нұсқама өткізілді		

6-БӨЛІМ. КАДРЛАР. ПЕРСОНАЛДЫ МОТИВАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ДАМУДЫҢ КЕШЕНДІ ЖҮЙЕСІ

6.1 HR-менеджменттің негізгі тиімділік көрсеткіштері: негізгі мамандарды оқыту және қайта даярлау, кадрлардың тұрақсыздығы (барлық санаттар бойынша), жұмыс жағдайларына қызметкерлердің қанағаттанушылығы.

Негізгі мамандарды оқыту және қайта даярлау:

Кадрлардың кәсіби деңгейін арттыру мақсатында есепті кезеңде Ұйымның 27 қызметкері, барлық қызметкерлердің жалпы санының 19%-ын құрайды, есепті кезеңде ел ішінде оқудан өтті, олардың ішінде дәрігерлер – 8, ОМП – 16, өзгелері – 3 адам. Республикалық және облыстық деңгейдегі конференциялар мен семинарларға 5 қызметкер қатысты.

Персоналдың қанағаттанушылығын анықтау мақсатында Персоналды басқару қызметі жыл сайын персоналға жұмыс жағдайлары мен жұмыс берушіге қанағаттанушылық тұрғысынан сауалнама жүргізеді. Есепті жылдағы кадрлардың тұрақсыздығы 9%-ды құрайды, оның ішінде дәрігерлердің тұрақсыздық деңгейі – 2%, ОМП – 2%, КМП – 1%, өзгелері – 4%.

6.2 Еңбекке ақы төлеудің сараланған жүйесін, оның ішінде бонустық төлем жүйесін енгізу

Кәсіпорында 2013 жылдан бастап еңбекке ақы төлеудің сараланған жүйесін көздейтін Еңбек төлеу туралы ереже әзірленіп, енгізілді. Жалақыны ынталандыру бөлімшенің өндірістік нәтижелілік индикаторларына қол жеткізуіне және кәсіпорын қызметкерінің қосымша жұмыс көлемдерін орындауына тәуелді болатын ынталандырушы және төмендетуші коэффициенттердің көмегімен жүзеге асырылады.

2025 жылы қосымша материалдық ынталандыру (көтермелеу) түрінде төленді:

КВФ ұлғайту – 20 040,94 мың теңге, бұл 2024 жылға қарағанда 6 238,34 мың теңгеге артық;

КВФ төмендету және айыппұл санкциялары 2025 жылы – 202,80 мың теңгені құрады, бұл 2024 жылға қарағанда 240,60 мың теңгеге аз;

Сыйлықақы – 29 604,95 мың теңге, бұл 2024 жылға қарағанда 344,61 мың теңгеге артық.

6.3 Материалдық емес мотивация, оның ішінде әлеуетті арттыру

Корпоративтік мәдениетті дамыту және корпоративтік құндылықтарды қолдау:

Ұйым тұрақты негізде корпоративтік мәдениетті дамыту және корпоративтік құндылықтарды қолдау бойынша іс-шаралар өткізеді. Қызметкерлер жұмысқа қабылданған кезде кәсіби қызмет пен корпоративтік мәдениеттің бағдарлары көрсетілген Іскерлік әдеп кодексін оқып-үйренуге міндетті.

Денсаулық сақтау басқармасының сұрау салуы бойынша Медицина қызметкері күні мен Республика күнін мерекелеу құрметіне орай қызметкерлерді құрмет грамоталарымен, алғыс хаттармен және бағалы сыйлықтармен марапаттау үшін марапаттау материалдарын дайындау бойынша жұмыс жүргізілді.

Тиісті жылға басшылықтың жеке даму жоспарларын жасау.

Есепті кезеңде өз еркімен жұмыстан босатылған қызметкерлердің жалпы саны 15 адамды құрады, олардың ішінде дәрігерлер – 5, ОМП – 3, КМП – 2, өзгелері – 5. Дәлелді себептермен жұмыстан босатылған қызметкерлердің саны – 8, оның ішінде босату себептері бойынша: 3 қызметкер – зейнеткерлікке шығу, 1 – ТЖА, 3 – резидентураға түсу, 1 – ЖОО-ға түсу.

6.4 Тәуекелдерді басқару

Медициналық және медициналық емес персоналды қауіпсіз және эргономикалық еңбек жағдайларымен қамтамасыз ету.

Есепті кезеңде ЕҚжҚ бойынша мынадай жұмыстар жүргізілді:

- ЕҚжҚ бойынша 7 семинарлық және тәжірибелік сабақ өткізілді;
- ЕҚжҚ саласындағы білімге жыл сайынғы тексеру жүргізілді – 700 қызметкер;
- Электр қондырғыларымен жұмыс істеу кезінде ТҚ нормалары мен ережелері бойынша білімді тексеру жүргізілді – 8 қызметкер;

Есепті кезеңде АҚ және ТЖ бойынша жұмыстар жүргізілді:

- АҚ және ТЖ бойынша 15 семинарлық сабақ өткізілді, оның ішінде «Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу» – 43 қызметкер, «Жарылғыш құрылғыға ұқсас күдікті зат анықталған кездегі персоналдың әрекеттері» – 11 қызметкер, «Өрт кезіндегі және персоналды, донорлар мен келушілерді эвакуациялау кезіндегі персоналдың әрекеттері» – 64 қызметкер, «Электр қуатының резервтік көзін, суық және жылумен жабдықтауды пайдалану, құлақтандыру жүйесін тексеру тәртібі» атты тәжірибелік сабақ – 10 қызметкер, «ТЖ кезінде шұғыл медициналық көмек көрсету» – 54 қызметкер;

Қызметкерлер авариялар мен төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі іс-қимыл алгоритміне оқытылды. Жүргізілген іс-шаралар қызметкерлердің АҚ және ТЖ, ЕҚ және ТҚ мәселелері бойынша дайындығын қамтамасыз етеді, бұл өз кезегінде оқиғалардың анықталу тәуекелдерін барынша азайтады.

7-БӨЛІМ. ҰЙЫМ РЕСУРСТАРЫН ТІІМДІ ПАЙДАЛАНУ

7.1. Клиниканы, зертханалық қызметті, бейінді қызметтерді аккредиттеу (ұлттық және/немесе халықаралық)

2024 жылы Кәсіпорынның Медициналық зертханасы Қазақстан Республикасының аккредиттеу жүйесінде ҚР СТ ISO 15189 - 2015 «Медициналық зертханалар. Сапа мен құзыреттілікке қойылатын талаптар» стандартының талаптарына сәйкестікке аккредиттелді, куәлік: тіркеу № KZ.M.10.2227, берілген күні 2024 жылғы 21 қазан, 2029 жылғы 21 қазанға дейін жарамды. «Аккредиттеу және аккредиттеу аттестаттарын қайта рәсімдеу туралы» 2025 жылғы 11 желтоқсандағы № 1683-ОД Бұйрығына сәйкес 2025 жылы ҚР СТ ISO 15189 – 2023 стандартына өту жүзеге асырылды.

- 2025 жылы кәсіпорын 2 029 674,84 мың теңге сомасында қаржы ресурстарын пайдаланды, оның ішінде:
- ТМККК орындау шеңберінде – 1 985 576,3 мың теңге;
- Ақылы қызметтер көрсету қаражатынан – 44 098,5 мың теңге.
- Кәсіпорын қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға және дәрігерлер мен орта медициналық қызметкерлерді қайта даярлауға 1 333,28 мың теңге сомасында қаражат жұмсалды.
- Өндірістік персоналдан 8 дәрігер мен 16 орта медициналық қызметкер біліктілігін арттырудан және қайта даярлаудан өтті, өзге персоналдан 3 жұмыскер оқытудан және біліктілігін арттырудан өтті.
- Республикалық деңгейдегі конференциялар мен семинарларға 5 қызметкер қатысты.
- Жыл сайынғы медициналық тексеруден 159 жұмыскер өтті, шығыстар сомасы 177,26 мың теңгені құрады.
- Донорлық қозғалысты дамытуға, оның ішінде баннерлер, парақшалар, брошюралар дайындауға 2025 жылы 429,73 мың теңге сомасында қаражат жұмсалды.

Қан компоненттерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жабық үлгідегі аппараттарда ИХЛА және ПТР әдістерімен донорлық қан үлгілерін екі кезеңдік скринингтеу, қан компоненттерін лейкофильтрациялау және вирусинактивациялау, сондай-ақ донорлық қанды иммуногематологиялық, серологиялық, биохимиялық және гематологиялық зерттеулер жүргізіледі.

Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жұмсалған шығыстар:

- ИХЛА және ПТР екі кезеңдік скринингі – 295 222,31 мың теңге;
- лейкофильтрация – 228 514,00 мың теңге;
- вирусинактивация – 382 677,20 мың теңге;
- иммуногематологиялық, серологиялық, биохимиялық және гематологиялық зерттеулер – 179 821,83 мың теңге.

2025 жылы шығарылатын өнімнің сапасын бақылауды жүргізуге жұмсалған шығыстар 18 340,70 мың теңгені құрады.

2025 жылы медициналық жабдықтарға сервистік және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалған шығыстар 32 278,36 мың теңгені және өлшем құралдарын салыстырып тексеру – 489,44 мың теңгені құрады.

2025 жылы «Инфодонор» бағдарламалық қамтамасыз етуді сүйемелдеуге жұмсалған шығыстар 11 000,22 мың теңгені құрады.

7.2. Науқастар құрылымын басқару (салмақтық коэффициенттер бойынша ранжирлеу, стационарды алмастыратын технологияларды дамыту) (Бұл критерий құзыретке кірмейді).

7.3. Дәрілік препараттарды, медициналық бұйымдарды басқару

Формулярлық комиссия «Формулярлық комиссияның жұмысы туралы ережеге» (СМЖ ПМК-03-04-25) сәйкес жұмыс істейді. Комиссия құрамы «Формулярлық комиссия құрамын бекіту туралы» 24.11.2025 ж. № 135-ө бұйрықпен бекітілген. Комиссия 8 адамнан тұрады (төраға, орынбасар, Формулярлық комиссия мүшелері және хатшы), отырыстар тоқсанына 1 рет өткізіледі. 2025 жылдың қорытындысы бойынша 4 отырыс өткізілді (2022 ж. – 4 отырыс, 2023 ж. – 4 отырыс, 2024 ж. – 4 отырыс). Формулярлық комиссияның негізгі мақсаты медициналық ұйымдарды қауіпсіз, тиімді, сапалы әрі қолжетімді дәрілік заттармен, медициналық бұйымдармен қамтамасыз етуге, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың сапасы мен қолжетімділігіне жәрдемдесу, дәрілік заттарды ұтымды пайдалану және формулярлық жүйе арқылы дәрілік қамтамасыз етуді қолдау мен жетілдіру болып табылады. Формулярлық комиссия жыл сайын ДЗ мен МБ пайдалану тиімділігін (дәрілік заттарды сатып алу, сақтау, мониторингілеу) бағалауды жүргізеді.

Дәрілік формулярды жасауға арналған нысанды Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасының формулярлық комиссиясы әзірлейді. «Облыстық қан орталығы» КМК дәрілік формуляры «Қанды, оның компоненттерін дайындау, өңдеу, сапасын бақылау, сақтау, өткізу номенклатурасын, қағидаларын, сондай-ақ қанды, оның компоненттерін құю қағидаларын бекіту туралы» ҚР ДСМ 2020 жылғы 20 қазандағы № ҚР ДСМ-140/2020 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес әзірленген және кәсіпорын директорымен бекітіледі.

«Облыстық қан орталығы» КМК-да «Дәрілік заттарға, медициналық бұйымдарға, реагенттерге және медициналық мақсаттағы жұмсау материалдарына кіріс бақылауын ұйымдастыру» СМЖ ҚР 09-04-25 әзірленіп, бекітілді. Кіріс бақылауының негізгі мақсаты – сапа мен қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін өнімді өндіріске жіберудің алдын алу. Кіріс бақылауы түсетін медициналық мақсаттағы жұмсау материалдарының, дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың, жеке қорғаныш құралдарының және дезинфекциялаушы препараттардың тізбесіне сәйкес жүргізіледі. 2025 жылы кіріс бақылауы жөніндегі комиссия 810 кіріс бақылау процедурасын өткізді (2022 ж. – 796, 2023 ж. – 801, 2024 ж. – 895). 2024 жылы қабылданатын РММН, ДЗ және МБ кіріс бақылауы талаптарына сәйкессіздіктер анықталған жоқ.

7.4. Жаңа технологиялар, патенттер, ғылыми және клиникалық зерттеулер

«Облыстық қан орталығы» КМК материалдық-техникалық базаны нығайту, атап айтқанда озық технологияларды дамыту және қан компоненттерінің сапасын қамтамасыз ету үшін қолайлы инвестициялық тартымдылыққа ие.

1-қосымша

Стратегиялық жоспарға сәйкес стратегиялық бағыттардың нысаналы индикаторларына қол жеткізу нәтижелері

1-Стратегиялық бағыт: *Қаржы қаражатын пайдалану тиімділігі.*

1.1-мақсат: *Активтерді пайдалану тиімділігі және кредиторлық берешектің болмауы.*

Кәсіпорын кірістерін ұлғайту

№	Нысаналы индикатордың атауы	Өлшем бірлігі	Ақпарат көзі	Ақпаратты ұсынуға жауаптылар	2025 жылға арналған жоспар	2025 жылдағы факт	Қол жеткізу мәртебесі
1	2	3	4	5	6	7	8
	Нысаналы индикаторлар						
1	Активтердің рентабелігі (ROA)	%	Кәсіпорынның даму жоспары	Қаржы бөлімі	0,48	1,04	Қол жеткізілді
2	Мерзімі өткен кредиторлық берешек	теңге	Кәсіпорынның даму жоспары	Қаржы бөлімі	0	0	Қол жеткізілді
3	Ақылы қызметтерден түсетін түсімдер	%	Кәсіпорынның даму жоспары	Қаржы бөлімі	2,6	2,4	Қол жеткізілмеді

2-Стратегиялық бағыт: *Клиенттер*

2.1-мақсат: *Медициналық көмек көрсетудің пациентке бағдарланған жүйесін құру*

№	Нысаналы индикатордың атауы	Өлшем бірлігі	Ақпарат көзі	Ақпаратты ұсынуға жауаптылар	2025 жылға арналған жоспар	2025 жылдағы факт	Қол жеткізу мәртебесі
1	2	3	4	5	6	7	8
	Нысаналы индикаторлар						
1	Аккредиттеудің болуы:						
	1) кәсіпорынның	иә/жоқ	Аккредиттеу туралы куәлік	СББ	-	-	
	2) зертхананың	иә/жоқ	Аккредиттеу аттестаты	Медициналық зертхана	-	-	Қол жеткізілді
2	Қанағаттану деңгейі:						

	медициналық ұйымдардың шығарылатын қан компоненттерімен қамтамасыз етілуіне және сапасына	%	Пікір	ҚҚІКжУС блогы бар ӨББ	99,9	100,0	Қол жеткізілді
	тұтынушылардың (донорлар, МҰ пациенттері, медициналық ұйымдар) көрсетілетін қызметтер сапасына	%	Өтініш, хабарлама, үнқату	Сапа жөніндегі менеджер	99,9	100	Қол жеткізілді
3	Қан өнімдерінің сапасы мен көрсетілетін қызметтерге қатысты негізделген шағымдардың көрсеткіші	Саны	Өтініш, хабарлама, үнқату	Сапа жөніндегі менеджер	1	0	Қол жеткізілді

Персоналды оқыту және дамыту

3-Стратегиялық бағыт: *Кадр саясатын іске асыру және кадрларды басқару жүйесін жетілдіру*

3.1-мақсат: *Кадр әлеуетін және корпоративтік басқару жүйесін дамыту*

№	Нысаналы индикатордың атауы	Өлшем бірлігі	Ақпарат көзі	Ақпаратты ұсынуға жауаптылар	2025 жылға арналған жоспар	2025 жылдағы факт	Қол жеткізу мәртебесі
1	2	3	4	5	6	7	8
	Нысаналы индикаторлар						
1	Ұйым қаражаты есебінен біліктілікті арттырудан, сертификаттау курсынан өткен қызметкерлердің үлесі (кемінде 25%)	%	Статистикалық деректер	ПБҚ	100	100	Қол жеткізілді
2	Кадрлармен қамтамасыз етілу деңгейі: жалпы (қызметкерлердің барлық санаттары бойынша), оның ішінде:	%	Статистикалық деректер	ПБҚ	97	97	Қол жеткізілді
	дәрігерлер				92	96	Қол жеткізілді

	орта медициналық қызметкерлер				97	100	Қол жеткізілді
3	Өндірістік персоналдың қанағаттану деңгейі (кемінде 85%)	%	Статистикалық деректер	ПБҚ	86	87	Қол жеткізілді
4	Өндірістік персоналдың тұрақтамауы (кадрлардың ауысуы) (8%-дан аспайды / кем емес)	%	Статистикалық деректер	ПБҚ	9	3,4	Қол жеткізілді
5	Маманның 1 мөлшерлемесіне шаққандағы орташа жалақының экономикадағы орташа жалақыға қатысы (кемінде 1,5)	%	Жоспар	Қаржы бөлімі	1,6	1,6	Алып тасталды
6	Қоса атқару коэффициенті	%	Статистикалық деректер	ПБҚ	1,2	1	Қол жеткізілді
7	Үлгілік корпоративтік құжаттар пакетінің болуы	иә/жоқ	Нұсқаулық	ПБҚ	да	нет	Қол жеткізілді

4-Стратегиялық бағыт: *Кәсіпорын қызметінің тиімділігін арттыру және ішкі процестерді қамтамасыз ету*

4.1-мақсат: *Шығарылатын қан компоненттері мен медициналық қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін басқару жүйесін жетілдіру*

№	Нысаналы индикатордың атауы	Өлшем бірлігі	Ақпарат көзі	Ақпаратты ұсынуға жауаптылар	2025 жылға арналған жоспар	2025 жылдағы факт	Қол жеткізу мәртебесі
1	2	3	4	5	6	7	8
	Нысаналы индикаторлар						
1	Сыртқы сапаны бағалау бағдарламаларына қатысатын зертханалық диагностика түрлерінің саны	кол-во	Сертификат	МЗ	4	4	Қол жеткізілді

2	Зертханалық диагностиканың сыртқы сапасын бағалаудың халықаралық бағдарламаларының саны	кол-во	Сертификат	МЗ	2	2	Қол жеткізілді
3	Қан өнімдерінің сапасын бақылауды жүргізу деңгейі	%	Есеп	СББ	100	100	Қол жеткізілді
4	Өлшеу құралдарына, медициналық жабдықтарға және ақпараттық жүйелерге жоспарлы техникалық қызмет көрсетуді және метрологиялық тексеруді уақтылы жүргізу	%	Есеп	ШБ Инженер метролог Жүйелік әкімші СББ	100	100	Қол жеткізілді